

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ  
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ**

**ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

**Мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасы**

**Д Ә Р І С**

**Тақырыбы: ЕЖЕЛГІ ШЫҒЫС ЕЛДЕРІНДЕГІ ҚҰЛ ИЕЛЕНУШІ  
МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ДАМУЫ**

**Кафедра мәжілісінде талқыланып,  
мақұлданған: 2016 ж. «\_\_» қыркүйек  
№ \_\_ хаттама**

**Дайындаған: кафедра аға оқытушысы  
полиция капитаны И.М. Искаков**

**ҚАРАҒАНДЫ 2016**

# ЕЖЕЛГІ ШЫҒЫС ЕЛДЕРІНДЕГІ КҰЛ ИЕЛЕНУШІ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ДАМУЫ

## ЖОСПАР:

1. Ежелгі шығыс құлиеленуші мемлекетінің пайда болуы мен дамуының ерекшеліктері.
2. Мемлекеттік құрылымының ерекшеліктері және ежелгі шығыс құлиеленуші мемлекеттерінің дамуы.
3. Ежелгі шығыс құлиеленуші мемлекеттерінің құқықтық сипаттамасы.

## Пайдаланылатын әдебиеттер:

- Биекенов Н.А., Сәлкебаев Т.С., Сейдіғалиев Т.Р. Мемлекет және құқықтың жалпы тарихы. Оқу-әдістемелік құрал. Қарағанды., 2005
- Сейдіғалиев Т.Р., Исаков И.М. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Оқу құрал. – Қарағанды., 2015
- Булгакова Д.А., Истаев А.Ж. Мемлекет және құқықтың жалпы тарихы. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы., 2008
- Всеобщая история государства и права в схемах. Древний мир. - М., 1996
- Бонгард - Левин Г.М. Индия эпохи Маурьев. М., 1973
- Васильев Л.С. Курс лекций по Древнему Востоку. М., 1985
- Всеобщая история государства и права./ Под ред. Батыра К.И.. М., 1996
- Дьяконов И. М. Общественный и государственный строй Древнего Двуречья.
- История государства и права зарубежных стран./ Под ред. Жидкова О.А. и Крашенинниковой Н.А. ч.1., М., 1988
- Мұхтарова А.Қ. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Алматы, 2005
- Крашенинникова Н.А. История права Востока. М., 1994
- Лаурье И.М. Очерки древнеегипетского права 16-10 вв. до н.э. Л., 1960
- Хрестоматия по истории государства и права зарубежных стран. М., 1984, с.12-34
- Шапақ Ү.Ш., Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Оқу құралы. Астана., 2005
- Черниловский З.М. Всеобщая история государства и права. М., 1996

## Кіріспе

Ежелгі Египет мемлекеті және құқығы. Б.д.д. III мыңжылдықтағы Ежелгі Египет аумағындағы мемлекеттіліктің пайда болуы. Ежелгі Египет тарихының кезеңі. Қауымдық ұйымдастыру мен меншік түрлерінің жерге және құлдарға, мемлекеттік құрылысына тигізетін әсері. Шығыс деспотия. Құлдық. Перғауын. Орталық және жергілікті басқару. Абыздардың рөлі. Әскер, сот, полиция қызметі. Египет құқығының қайнар көздері. Халықтың құқықтық мәртебесі. Мүліктік қатынастарды реттеу. Отбасылық құқығы. Некеге тұру шарты, айрылысу. Мұрагерлік құқығы. Қылмыстық құқық. Қылмыстар мен жазалар жүйесі. Жазалау мақсаты. Жарысу процесі.

Ежелгі Вавилон мемлекеті және құқығы. Халықтың жеке топтарының құқықтық жағдайы (авилум, мушкенум, тамкары). Құлдық және оның ерекшеліктері. Вавилонның мемлекеттік құрылысы. Жергілікті басқару жүйесі. Хаммурапи патшаның заңдары, Қылмыстар мен жазалар. Сот жүргізу.

Ежелгі Үндістан мемлекеті және құқығы. Мемлекет және құқық туралы білімдердің қайнар көздері. Б.д.д. II мыңжылдықтағы мемлекеттің пайда болуы. Қоғамдық құрылысы мен халықтың құқықтық жағдайының ерекшеліктері. Варналар жүйесі. Құқықтың негізгі белгілері. Мемлекеттік құрылыс. Мемлекеттік биліктің ұйымдастырылуына брахманизм мен касталық жүйенің әсері. Құқықтың негізгі сипаты. Ману заңдары.

Ежелгі Қытайдың мемлекеті және құқығы. Б.д.д. X-Y-XI ғ.ғ. ежелгі Қытайдағы мемлекет құрылуының кезеңдері. Ежелгі Қытайдағы сословиелік-таптық бөліну. Мемлекеттік құрылысының ерекшеліктері. Басқарудың деспотиялық сипаттары. Мемлекеттік аппараттың орталығы. Жергілікті басқару жүйесі. Әскер.

Құқықтың дамуы. Құқыққа конфуциандық мен лигизмнің әсері. Құқықтың қайнар көздері. Қылмыстар пен жазалар жүйесі. Сот және процесс.

## ЕЖЕЛГІ ШЫҒЫС ЕЛДЕРІНДЕГІ КҰЛ ИЕЛЕНУШІ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ДАМУЫ.

Ежелгі Египет типтік шығыс деспотия. Оны перғауын басқарады. Перғауындық билік Египеттік үлгідегі шығыстың тағылық түріне жатады. Египетті осындай перғауындар биледі. Ол бақылаудың қатал жолын ұстанды, салық жинады, сот қызметін басқарды және құдайлар мен адамдардың арасын байланыстырушы деп есептелді. "Сендердің берулерің үшін мен сендерге беремін" - деген қағидаға бас иді. Халықтың бақыты, гүлденуі үшін құдайлар патшаға ұзақ өмір тіледі. Патшалар сарай құрылысын, діни салтты басқарып, абыздарды тағайындады. Әрбір діни салтты тек патша ғана өзгерте алатын. Перғауын тек патшаның мұрагері болып қалмай, ол өлгеннен кейін Осирис құдайға айналатын. Ол басына екі түсті (қызыл және ақ) бас киім киді, бұл символ Жоғарғы және Төменгі патшалықты қосып басқаратынын көрсетеді. Перғауынның қолында дін билігі де болды, ол Күн құдайдың баласы деп саналды. Перғауынның негізгі көмекшілері - лауазым иелері мен абыздар. Патшаның негізгі күшінің басы - экономикалық функция, Египетте қашаннан келе жатқан үш: қоғамдық жұмыстарды басқаратын, әскери және салық жинау ведомствалары болатын. Перғауынның жеке әскері өзіне бағынды. Олардың күшін Египет мемлекетінің пирамидалары көрсетеді, перғауынның тірісінде оның мазары салына басталғаны тарихта сирек кездеседі, бұл әдет оған көрсеткен сыйлықты және перғауынның күшін дәлелдейді. Перғауынның басқа да биліктері шексіз болатын. Ол қоғамдық жұмыстарды басқарды, жоғарғы лауазымды адамдарды тағайындады, заң шығарды, сот билігін басқарды, бейбітшілік және соғыс мәселелерін шешті, қаржы жинауды және жұмсауды басқарды. Тек оған жақын адамдар ғана аяғының ізін сүйе алатын.

Перғауынның үлкен бюрократиялық аппараты болатын, оған перғауынның сарайын, номархтарды, қоймаларды басқаратын адамдар жататын. Бірақ Египетте көп уақытқа дейін рулық қоғамның қалдықтары сақталған болатын, мысалы, ежелгі қауымдық кеңес "джаджат", "кенбет". Олар жергілікті сот, шаруа, әкімшілік қызметін атқарды, алып-сату шарттарын белгіледі, қызметкерлердің өз міндеттерін қалай орындайтынын, суландыру жүйелерін жөндеп, су пайдалану жайын бақылады. Кенбеттің қолында ерекше сот билігі болды. **Кенбет және джаджат** деген сөздер шеңбер және шаршы деген мағына береді. Қауым қызметкерлері ортаға жиналып, яғни, шеңбер құрып, күнделікті тіршілікке қажетті мәселелерін талқылайды. Кенбет азаматтық және үй іші істерін қарайды.

Перғауынның басқа да көп қызметкерлері болатын. Олардың көбін перғауынның туысқандары мен жақындары құрайтын. Әскерді басқаратын ведомство Қызыл үй деп аталды. Әскердің қалыптасуы бірнеше әдіспен байланысты: ең алдында ол жай халықтан тұратын, одан кейін маманданған армия болатын, ал ең соңғы кезеңдерде шет елдердің адамдарынан құрылды. Әскердің бір бөлімін полиция құрды.

Жергілікті басқару номархтар және салық жинаушылар.

## ЕЖЕЛГІ ВАВИЛОН МЕМЛЕКЕТІ

**Вавилон мемлекетінің пайда болуы.** Азия құрылығының Жерорта теңізімен және Қара теңізбен жалғасып жатқан батыс жақ бөлігін Алдыңғы Азия деп атайды. Сол алдыңғы Азияның Тигр және Евфрат өзендерінің аңғарында Вавилон сияқты жаңа, ежелгі классикалық мемлекет пайда болды. Құнарлы да шұрайлы жерлер, сондай-ақ судың көптігі тұрғындардың жерді өңдеу кәсібіне өтуіне ертеден ықпал етті. Бұл елде қолөнер нашар дамыды, себебі өзен аралығында металл да, тас та болмады. Оның есесіне жері мейлінше құнарлы еді, сондықтан тұрғындар егіншілікпен, мал шаруашылығымен айналысты. Ну болып өскен қамыстың арасына саз балшық пен егін елді мекендерге айналдырды. Қалаларда қолөнершілер тұрды, сауда қызу жүріп жатты. Оңтүстік өзен аралығындағы тұрғындар көршілес халықтардан металл, ағаш, тас алып тұрды, олардың орнына астық, құрма, жүн берді. Вавилон айбынды, күшті мемлекеттің астанасы болып, алдыңғы Азияның өте ірі сауда, саяси және мәдени орталығына айналып, өзінің маңызын екі мыңжылдық дерлік уақыт бойына сақтап келді.

Вавилон туралы алғашқы мәліметтер, б. д. д. III мыңжылдықта, бұл қала үлкен Шумер-Аккад патшалығының құрамына кіріп тұрған кезде және ежелгі шумерлік атпен Кадингир деп аталған кезде шықты. Б. д. д. III мыңжылдықтың аяғында амориттердің толып жатқан көшпелі семит тайпалары Месопотамияға еніп, Аккад өлкесінің біраз бөлігін басып алды да, орталығын Вавилон етіп, күшті мемлекет құрды. Шамамен алғанда, сол уақытта таулық эламиттер тайпалары Шумер-Аккад патшалығының әлсіреуін пайдаланып, Месопотамияға шығыс жақтан басып кірді. Шумерге берік орнығып, Ларсаны өздерінің негізгі күшті қамалдарының біріне айналдырды. Шет жерліктер жаулап алған елдерін өзара оңайшылықпен бөлісе алмады. Олардың арасында бәсеке-бақталастық басталды. Бүкіл Месопотамияны жаулап үстемдік жүргізу үшін сөзсіз болатын талас-тартыс қызды. Бұл тартыста Вавилон патшалығы жеңіп шықты да, аморит әулеті орнықты (б.д.д. 1794-1795 ж.). Вавилон-Аморит патшалығы Хаммурапи тұсында (б.д.д. 1792-1750 ж.) өзінің гүлдену шағына жетті. Хаммурапи бүкіл қос өзенді өзінің қол астына біріктіріп, ірі және күшті мемлекет құрды. Ол заманның тарихы сақталып қалған көптеген құжаттардың арқасында бізге жақсы мәлім болып отыр.

**Қоғамдық құрылысы.** Ежелгі Вавилондық қоғамның ерекшелігі патшалардың мемлекетті ірі жер иеленуші мен құл иеленушіге айналдыруында. Патшаның жер қоры дін орындары жерлерін мемлекеттің меншігіне айналдырудан және сондай-ақ жаулап алу мен қауымдық жерлерді сатып алудан құралды. Қоғамның екінші ерекшелігі - патшалық билік пен жеке иеленушілік биліктің күшеюіне қарамастан, қауымдық құрылыстың сақталуында еді. Әрине, бұл жер шаруашылығының ирригациялық жүйесіне байланысты болатын.

Вавилон халқының құқықтық жағдайы сол уақыттың негізгі ескерткіштерінің бірі Хаммурапи патшаның заңдарында сипатталған. Халықты негізінен еріктілер және құлдар деп бөлумен бірге бұл ескерткіш

еріктілерді "авилум" еркек адам және "мушкенум" кішкене адам деп сословиеге бөледі. Екеуі де байдан немесе кедейден бола беретін, құлды ұстау, ұстамауын өздері шешетін, бірақ құқықтық қатынаста олардың арасында айырмашылық едәуір еді.

Қоғамда қаналушы тап болды, мемлекеттің, ұжымның және жеке меншіктің қарауындағылар құлдар саналды. Ежелгі Вавилонда құл иеленушілік қатты дамыған жоқ, ол патриархты сипатта болды. Бұл құлдарға кейбір жеке және заттық құқықтар берді.

**Мемлекеттік құрылысы.** Хаммурапи заманында Вавилонда ертедегі шығысқа тән қаталдық қалыптасты. Ел басқару ісі қатаң тәртіпте бір орталыққа бағынды және бүкіл жоғарғы билік заң шығарушы, орындаушы, сот және діни биліктің барлығы патшаның қолында жинақталды. Хаммурапидің өзінің шенеуніктерімен жазысқан қатынас қағаздарына қарағанда, басқару ісінің әртүрлі тарауларына, атап айтқанда, қолдан суландыру ісін ұйымдастыруға патшаның өзі басшылық еткен. Атына жазылған әртүрлі даулы істер мен шағым арыздарды патшаның өзі қарады. Бұл істер жөнінде патшаның өзі қарар шығарып, шенеуніктеріне тиісті жарлықтар беретін. Тіпті ерекше жарлықтар арқылы күнтізбеге қажетті түзетулер енгізді.

Ел билеу ісінде патша күрделі және бір орталыққа бағынған төрешілдік аппаратқа сүйенді. Бір шенеуніктер орталық басқарманы, екінші біреулері патшаның наместниктері ретінде, мысалы, Сиппар сияқты қалаларды меңгерді. Шакканум дейтін жоғары атағы бар шенеуніктер, ал кішігірім қалалар мен облыстарды рабианумдар басқарды.

Халық әртүрлі салықтар: егістіктен не мал төлеуінен, құрма бақтарынан, күнжүт егістігінен және балықшы қауымдардан алынатын салықтарды төлеуге міндетті болды. Осы салықтармен қатар күмістей алынатын ерекше алымдар және заттай алынатын арнаулы патша алымдары төленді. Осы кірістердің барлығы патша қазынасына түсіп, сарай мүлкін құрады, бұл мүлік шіркеу мүлкімен бірге ерекше заңның қорғауында болды.

Сот билігі айрықша шенеуніктердің қолына жататын. Сот істері шакканумға, рабианумға, аймақтық судьяларға және қаланың ақсақал және дәулетті адамдарынан шыққан айрықша соттарға жүктелді.

Дін судьялары бірте-бірте өзінің маңызын жоғалтып, тек храмдағы құдайлардың бейнелері алдында ант берген сөздерін қабылдаумен ғана қанағаттанатын болды. Бірте-бірте сот істерін жүргізуден заңның алғашқы нормалары шыға бастады, бұл нормалар бойынша судьялардың міндетіне ант берген куәлардың көрсетулерін тек жай ғана қабылдап қою емес, істі "өз көзімен көріп, зерттеп, тексеру" жүктелді. Заңның арнаулы баптары өтірік куә болған адамды айыпты етіп, жазалайды, ақырында, сот үкімін өзгерткендігі үшін судьяны жазалап, оған талап етілген соманың мөлшерш 12 есе артық етіп айып салады және бұдан былай сот міндеттерін орындауға рұқсат етпейді.

**Құқықтың негізгі нышандары.**

Патриархтық отбасының сақталуы, қылмысқа бүкіл ұжым болып (отбасы немесе қауым болып) жауап берді, яғни, бөтен біреудің кінәсіне жазықсыз екінші біреу күйіп кететін болды. Талион тіринципі сақталды.

Заңдар жинағы жеке нақты оқиғаларға (казусальді) арналып жазылған. Онда жалпы құқық көрсетілмеді. Нормалардың бәрі де жекелеген оқиғаларға арналды. Бұл жерде, әрине, оларға түсінік беріп, жорудың өзі артық. Бұл құқық, Заңдар жинағы консервативті және формальды сипат алды, құқық нормалары ескі көзқараста және өте жай өзгеріп отырды.

Ежелгі Вавилон құқығының маңызды ескерткіштерінің бірі болып Хаммурапи патшаның заңдар жинағы деп есептеледі. Бұл ескерткішті 1901 жылы француз ғалымы де-Морган Сузыдан тапқан. Бағананың жоғары бөлігінде тақта патшалық құрып отырған күн құдайы Шамаштың алдында салтанатты кейіпте тізе бүккен Хаммурапи патшаға осы заңдар жинағын тапсырып тұрғаны кескінделген. Бұл сурет патша заңдары жинағының құдайдан шыққанын көрсетеді деген ойды білдіреді. Кіріспе мен қорытындыда патша заңдары жоғарыдан жіберілген әділ де өзгермейтін заңдар деп көрсетуге тырысады.

Заң жинағы 282 баптан тұрады. Қала алаңының қақ ортасындағы заңдар бағанасы, осында өтетін әділ сотқа қызмет етуді және заңды білмейміз деп ешкімнің сылтау айта алмайтынын ескертіп тұрғандай. Заң жинағының авторы баптарды олардың мағынасына қарай топтауға тырысқан. Мысалы, 1, 2 баптар іс жүргізу сипаттарының жағдайларын қамтыса, 6-126 баптар мүліктік қатынастарды реттеуге арналған, 127-195 баптар отбасы және мұрагерлік құқықтарына қатысты, 196-214 баптар жеке адамды қорғауды көздейді. Бірақ бұлайша бөлуді автордың өзі мақсат тұтпаған, мұны біз тек шартты түрде ғана бөлеміз.

Хаммурапи заңдарының Вавилон заңдарына өсері күшті, ол ертедегі Шумер заңдарының одан әрі жетіле дамуы және жинақталып, тәртіпке салынуы болып табылады.

Әрине, заңдар қоғам өмірінің барлық жақтарын бірдей реттей алмаған. Мысалы, мұнда мемлекеттік және діни қылмыстар туралы ештеңе айтылмайды. Бұл қылмыстар үшін жазаның тұрақты болып қалғаны сонша, Хаммурапи ол туралы өз кодексінде айтуды артық санаған да болуы мүмкін.

Хаммурапи заңдары өз кезеңінен бізге жеткен көптеген құжаттармен қатар, Вавилон қоғамының шаруашылыққа белсенді түрде араласқанын көрсетеді. Жер мен құрылысты сату, бақша мен егістік жерді жалға беру, дала жұмыстарына адам жалдау осының барлығы заңды түрде реттелген.

**Жеке меншік құқығы.** Вавилон қоғамында жеке меншік мемлекет пен қауымдікі болып, жер қорын құрады. Жерді сату, жерге жеке меншік Хаммурапи патшаның кезіне дейін болған. Бұл тұжырымды растайтын біздің дәуірімізге дейінгі XXVI ғасырдағы құжаттар. Ал Хаммурапи кезеңінен бастап бізге көптеген құжаттар келіп жетті, оларда Вавилонда жердің жеке адамдардың меншігіне салғанын растайтын тұстар бар. Мәселен, үйді, даланы, бақты, құлды сату актілері табылған. Бұндай

құжаттардың бірнешеуі Мәскеу, Санкт-Петербург мұражайларында сақтаулы тұр.

Мемлекет жерлері патшаға тиесілі деп есептеліп, сарайға қарайтын болған. Бұндай жерлердің бір бөлігін натуралды төлем ретінде патша ұсақ жер иеленушілерге берген.

26-бап мынаны растайды: "Егер редум немесе байрум патшаның жорығына бармаса немесе өзінің орнына басқа біреуді жіберсе, редум, байрум өлтірілуі тиіс". Оның үйі немесе жері тартылып алынатын. "Дала, бак және редум үйі патшаның әскери қызметі үшін берілгендіктен, сатылуға жатпайды (36-бап).

Әскери шенеуніктер мен әскери жасақтарға берілген жер олардың әскери қызметтері балаларына мұрагерлікке қалдырылған, қай жағдайда жерлермен қатар жаулап алынған жерлердің тұрғындарынан еңбек ететін адамдар берілетін.

Шенеунікке, әскери жауынгерге берілген бұндай жерлер, сонымен қатар үй және еңбек құралдары ерекше мүлік қатарына жатқызылатын. Жер, үй және тағы басқа мүліктер айналымнан алынып тасталатын. Оларды сатуға, сатып алуға, әйеліне немесе қызына мұрагерлікке қалдыруға, тұтқындағы жауапкерді сатып алу үшін пайдалануға болмайтын.

Егер шарт жасасып қойылса, кімде-кімнің даланы, бақты және үйді сатып алам деуіне болмайды.

Заң кісіні байқаусыз өлтіріп алуға байланысты кейбір жағдайларды ескерген. Бірақ бұл жазадан мүлде құтылды деген сөз емес. Сонымен қатар дәрігердің жауапкершілігі жайында да бап бар. Топтардың жағдайына байланысты жаза да өзгеріп отырған.

Жеке меншікке қарсы істелген қылмыс өте қатал жазаланатын болған.

6-бап. Сарай, храм мүліктерін ұрлағаны үшін өлім жазасы белгіленген, қой, мал, шошқа тағы басқа жануарларды ұрлағаны үшін 30 есе көлемінде айып төленуі тиіс болған.

8-бап. Төлеуге шамасы келмеген жағдайда ол өлім жазасына кесілетін. Ұрлық кезінде ұсталса, отқа лақтыруға құқық берілді.

Жеке меншік аса қырағылықпен сақталды. Бұл үстем тап мүддесіне сай құлдарға жеке меншіктік басым болғандықтан туған болуы мүмкін.

15-бап. Сарай, храм құлдарын ұрлағаны үшін мушкенум өлім жазасына кесілетін. Сонымен қатар (18-бап) қашқан құлды жасырғаны үшін, үйінде ұстағаны үшін өлім жазасы белгіленген.

Отбасы мәселесіндегі қылмыстарға келгенде, жалпы айта кететін жас-жұбайлардың бір-біріне адалдығы ерекше ескерілген. Сот келісімінсіз қайта некелеспеу мәселесі де көтерілген. Мысалы, 129-бап бойынша, күйеуіне күнә жасаған әйел мен оған қатысушыны қоса байлап, суға лақтыру жазасы қарастырылған. Бұл жерде қылмыстық заң процесі араласып, отбасында әке билігін арттыра түседі.

195-бап. Әкесіне қол көтергені үшін баласы қолынан айырылатын.

11-бап. Егер өз затын танып, бірақ оны дәлелдейтін, растайтын куәгерлерді әкелмесе, онда заттың иесі - өтірікші, ол өлуі тиіс деп шешім



шығаратын. Бұл жерде бәрін көзбен көріп, қолмен істейтін сот. Тек өз заты екенін дәлелдегенде ғана заң оны мойындайды.

12-бап. Егер саудагер өліп қалған болса, сатып алушының сот шешімі бойынша саудагердің үй мүлігінен бес есе құнын қайырып алуға құқығы бар.

13-бап. Сонымен қатар Заң осы істердің барлығы бір-екі сағатта, 1-2 күнде орындалуы мүмкін болмағандықтан, анық уақыт мерзімін белгілеген. Сөйтіп өзінің затына жеке меншіктік құқығын дәлелдесе ғана заң қолдайды.

**Міндеттілік құқығы.** Міндеттілік шарты. Хаммурапи дәуірі шарт құқығының дамығандығымен ерекшеленеді. Хаммурапи Заңы Вавилон қоғамында шаруашылық істерге жете мән берілгендігін байқатады.

Жер мен құрылыстың, егін даласы мен бақтың жалға алынуы, өгіздерді дала жұмысы үшін жалға алу заң баптары арқылы және натуралды айырбас болғанын көреміз.

Шарт құру үшін ерекше салтанатты нысанының қажеті болмаған. Бірақ шарттың кей жағдайда жазбаша түрі міндетті еді.

Сауда-саттық, айырбас, бөлу т. б. актілерінде ант беру рәсімдері кездеседі. Онда адам шарттық айырбастың бұзылмайтынына ант берген.

Сонымен, шартты орындамаған жағдайда таза мүліктік жауапкершілік, кейде шығынды үш, тіпті алты есе көлемінде төлеуге міндеткерлік енгізілген.

Қарызға алған шартының ауыр жауапкершілігінен қашып, қарыз алушылар қарызды басқа шарттармен біріктіруге тырысқан.

Хаммурапи Заңында шарттың мынадай түрлері бар:

Сауда-саттық және айырбас. Біздің кезеңге жеткен актілерге қарап, мына тұжырымға келеміз: сауда-саттық кезінде екі жақ ешқандай міндеттеме алмаған. Оны екі жақтың еркі шешкен. Тек символдық белгі ретінде затты беру оған таяқ қоюмен белгіленіп отырған.

Сауда-саттықтың объектісіне қозғалатын заттар мен (мал, т. б.) құлдар, дала, бақ, үйлер жататын. Кейде сауда объектісіне балалар да кіретін.

Сауда-саттық шартында сатылған затқа біреу талап ететін жағдай бола қалғанда кепіл болатын сәттер де кездескен. Екінші біреу өз затым деп араласса, кепіл болып, ол өз затымен төлейтін. Болмаса материалды шығынды төлеуге уәде беретін.

**Мүлікті жалға алу.** Занда мүлік пен жеке жалға алуды айырып көрсеткен. Жалға алу объектісі - жер, бақ, үй, ат-арба, кеме, есек болған. Сонымен қатар құлдарды жалға алу практикасы да кездескен.

Жер мен бақты жалға алу тек бір жылға кесілетін. Бірақ бақтың уақыты әрине, егер жалға алушы пайда түсімін көбейтетін жағдайда кейде бес жылға дейін ұзарып кететін.

Жер учаскесі мен бақты шарт бойынша жалға беру жалға беруші мен алушы арасында нақты келісімнен кейін ғана іске асатын. Негізінен түскен түсімнен жеке меншік иесіне бір бөлігін ілетін. Ал екінші жағдайда әрбір жер бөлігі үшін жал ақшасы нақты белгіленетін. Ол айналасындағы көршілердің түсіп отырған пайдасымен мелшерленетін.

45-бап. Егер жалға алушы келіскен ақшасын алдын ала төлеп қойып, егістік қуаңшылық пен су тасқынынан шақпай қалса, ол онда ақыны қайырып ала алмайды.

48-бап. Ал егер ақысы төленбеген болса, Хаммурапи Заңы бойынша бір жылға кейін қалдыру құқығы берілген.

42-бап. Жалға алушы жер немесе егінді шығара алмағаны үшін жалдау ақысынан босатылмайтын. Бұл жағдайда жеке меншік иесіне көршісі қанша төледі, жалға алушы да сонша төлейтін. 43-бапта былай дейді: "Егер ол жерді өңдеусіз қалдырған болса, ол жер ақысынан басқа ол жерді өндеп жеке меншік иесіне қайыруы тиіс".

42, 43, 45, 46, 48-баптардан біз жеке меншік мүддесінің қалай қорғалғанын көреміз. Сөйтіп құл иеленушілер қоғамына осындай тәртіпті бекіте отырып, үстем тап пайдасына көп нәрсеге рұқсат етілген.

Бірақ мына жағдайды атап өту керек: егер жалға алу ақысы алдын ала төленіп, нақты келісіліп қойған жағдайда жалға алушыларға да жалдау пайдалы болған.

Хаммурапи Заңында тұрғын үйді жалға алу бабы да бар. Онда заң мына нәрсені әділ шешеді. Егер үйді кез келген біреу жалға алған болса, алдын ала жылдың ақшасын төлеген адамды жалға беруші үйді уақытынан ерте босатуын талап етсе (яғни, шартты бұзса), онда жалға беруші жалдың бүкіл ақшасын қайырып беруі тиіс.

Заңда жалға бергенде алынған затты бұрынғы қалпында қайырып алу мақсатымен жауапкершілік белгіленген.

244-бап. Малды жалға алушы малдың өліміне жауапты болған.

Жеке жалға алу. Бұл бөлімде басы бос жұмысшылардың жұмыс күші ретінде жалға алу мәселесі көзделген. Бос жұмыс күшін жалға алу құлдарды жұмысқа жалға алуға ұқсас. Заңда жұмысшылардың ауыл шаруашылық және колөнершілер болып бөлінгенін көреміз. Заңда дәрігердің, құрылысшының, мал дәрігерінің еңбекақысы белгіленген. Колөнершіге қарағанда ауыл шаруашылық жұмысшысына еңбекақы төленген. Бұл Вавилон қоғамы үшін ауыл шаруашылығы маңызының басым болғанын көрсетеді.

Қызмет ету сипатына байланысты (авилум, мушкенум) еңбекақы да өзгеріп отырған.

Еңбекақы жалдау уақытының өтуіне байланысты төленетін. Егер жалданушы жұмысын ерте аяқтаса, онда ол мадақтау еңбекақысын алу құқығынан айырылатын.

**Қарыз.** Хаммурапи Заңында көптеген баптар қарыз шартына арналған. Қарыз алу шарты бірінші Вавилон әулеті кезінде де кеңінен қолданылған. Хаммурапи Заңдарына дейін қарызын төлемегендер өмір бойына қарызға белшесінен батып, қамауға түскен, кедейлер тез арада өздерінің бас бостандығынан айырылған. Қоғамдағы бұндай көрініс Вавилон қоғамының негізін шайқалтты: а) елдің қорғаныс қабілетін әлсіретті; б) елде Вавилонның өз азаматтарының құлдарға айналуы күшейді.

Хаммурапи Заңдарының айта кететін пайдалы жақтарының бірі - оларда қоғамдағы осындай қайшылықтардың алдын алу шаралары қамтылған. Онда шама келгенше қоғам қайшылығын бәсеңдетіп, қарыздар мен құлдықтың өсуін тежеуге, реттеуге ұмтылыс бар. Заң өмірлік қамауды (қабаланы) жойып, кез келген қарыз үшін мезгілі үш жыл уақытта өтеп шығуды белгілеп берді.

117-бап. "Егер кімде-кімнің қарызы болып және ақша үшін немесе өзінің әйелін, баласын немесе қызын өмірлік жұмысқа берсе, онда олар сатып алушының үйінде тек үш жыл болуы тиіс, ал төртінші жылы олар бостандыққа жіберілуі керек". Әрине, бұл бап бойынша заманына сәйкес қарыз мәселесіне жеңілдік берілгенінің өзі ілгерілеушілік еді.

116-бап. "Егер кепілге алынған адам ұрып-соғудан немесе дұрыс қарамау салдарынан өліп, өлтірген адамның баласы болса, онда жалға алушының баласы өлтіріледі, егер ол құл болған жағдайда қарыздың үштен бір бөлігін күмістей төлеуі тиіс, сонымен қатар қарызға бергендерінен түгел айрылады".

Сөйтіп, Заңның 116-бабында көрсетілгендей, қарыздар мен оның отбасында қарызды өтеу уақытында қарыз иесінің шектен шығып, қаталдық жасауына жол бермейді. Бұл да заңның пайдалы жақтары.

113-бап. "Егер қарыз иесі (кредитор) қарыздар адамның келісімінсіз оның жатағынан, үйінен оның нанын алса, рұқсатсыз алынған нәрсенің бәрін қайыруы тиіс және бүкіл қарыз жойылуы тиіс", -деп Хаммурапи Заңында қарыз иесінің өз бетімен қарызды адамның мүліктерін иемденуден қорғайды.

Заң қарыздың ең төменгі процентін белгілеп берген: ақша үшін 20 %, дәндер үшін 33 %. Қарыздың орындалуын, қайтарылуын қамтамасыз ету мақсатымен, қарыз берушінің қарыздардан кепілдеме алуға құқығы болған (115-117 бап)

**Меншік құқығы.** Вавилонда құлдар, басқа да дүние-мүлік, мал, еңбек құралдары сияқты меншік объектісі болып саналды. Қожайын өз құлдарын сата ма, сыйға тарта ма, мұраға қалдыра ма, не істесе де өзі білетін. Біреудің құлын ұрлаған, керек десең, оны жасырған адам өлім жазасына тартылған. Қашқан құлды өз иесіне қайтарып беру керек болатын. Біреудің дүние-мүлкіне зиян келтірушіге кейін сол шығынды қайтару жүктеледі.

Хаммурапи заңдары бойынша, жоғалған заттың иесі ол затын бір адамнан байқап қалса, сот арқылы өз затын талап ете алады. Алайда ол өзінің меншік иесі екенін қостайтын куәлар табуы керек.

Хаммурапидің кейбір баптары Вавилонда кеңінен етек алған алым-салық шарттарына арналған. Бұл баптар сауда айналымының тұрақтылығын қамтамасыз етуге, сатып алушылардың мүдделерін қорғауға бағытталған. Мысалы, заң бойынша құл сатып алушы сатушыға кінә қою үшін 1 айдай уақыт беріледі. Егер осы мерзім ішінде құл ауру болып шықса, сатып алушының төлеген күмісін қайтып алуына мүмкіндігі болды.

Құл, жер, мал және басқа да маңызды байлықтарды сату кезінде балшықтан таблетка түрінде жазбаша құжат жасалды. Онда сатылған зат, оның бағасы және келісімнің басқа да шарттары көрсетілді. Жарна меншік

иесінің мүддесін сақтауға айрықша мән берілген. Айталық, сақтаушы нанның, күмістің, басқа да заттардың сақталуына жауап берді.

Заңның кейбір баптары өзін жалдау шарттарына арналған. Ертедегі Вавилонда жалдау ұғымы ерекше кәсіби дағдысы және іскерлігі бар жұмысшылардың (емшінің, құрылысшының) қызметіне ғана қолданылатын. Бөтен құлды жалдау ерте вавилондық қоғамда жұмыс күшін жалдау емес, мүлік жалдау болып есептелді. Бұл жағдайда ақы құлға емес, қожайынына төленді.

**Мүлік қатынастарын реттеу.** Ерте Вавилонның құқықтық құжаттарында жерге патшаның, храмның, қауымның және жеке адамдардың меншігі белгіленген. Патшаның және храмның жер меншігі жауынгерлерге, абыздарға және басқа да адамдарға иеленуге немесе патша мен храм шаруашылығына тәуелді жер игерушілерге берілді.

Құл иеленушілердің билеуші табының мүдделерін қорғай отырып, мемлекет жерге жеке меншікті сақтауға барынша тырысты. Патша шенеунігі жерін заңсыз алып қойған шенеуніктің үстінен патшаға арыз айта алатын болды. Мұндай жағдайда бұл жер оның ата қонысына жататын болса, патша жерді оған қайтарып бергізетін. Сонымен "ата қонысын" заңсыз басып алу ол заманда қылмыс болып саналды. Әсіресе, мемлекет жерге меншік иелігінің мүліктік мүдделерін мұқият қорғады.

Патшаның аумақты шұрайлы жер-сулары, көбінесе құл еңбегінің арқасында ғана емес, сонымен бірге бұл жерлердің бір бөлігін жалға алған жалгерлердің күшімен игерілетін болды. Мұндай әдістің мейлінше кең тарағандығын жалгер, жалгерлік жер, жалгер құжаты, жалгер ақысы деген арнаулы терминдердің болғандығы көрсетеді. Жалға беру белгілі бір үлгімен жасалған ерекше жалгерлік шартында көрсетілетін болды. Бұл келісімде жалгерлік объектісі, жалға алу ақысының мөлшері немесе егіннің үлесі, төлейтін орны мен уақыты, құлдардың аты-жөндері және мезгілі белгіленді.

Хаммурапи патша заңдарының көптеген баптары келісім шарттарға, атап айтқанда, қарыз беру келісіміне, өсім алушылық операцияларына арналған. Қарызын өтеуге мүмкіндігі жоқтар көбіне кепілдікке қалдырған жерді немесе отбасы мүшелерін несиегерге құлдыққа беруге тиіс болды. Бұл мұндай қиын жағдайды жеңілдету тұрғысынан жасалатын болса керек, Хаммурапи өзінің кодексінде кіріптар болған адамның жеке басы мен мүлкін қарыз берушінің шектен тыс әрекеттері мен қысымдарынан мүмкіндігінше кеңірек қорғауға талаптанды. Мысалы, 117-бап бойынша қарыз беруші адам, қарыздар адамның туыстарын өз үйінде 3 жылға дейін ғана ұстап, еңбегін пайдалана алды, ал 4-ші жылы қарызы өтелмесе де, еркіндікке жіберуге міндетті. Сонымен бірге Хаммурапи заңы борышқордың кепілдіктегі баласын қарыз берушінің озбырлық жасап, қатал ұстауынан да қорғады. 116-бап бойынша, егер қарыз беруші кепілдікке алған қарыздар адамның баласы сол үйде қарыз берушінің қатал ұстауынан, не соққысынан өлсе, қарыз берушінің баласы да өлім жазасына бұйырылды.

Ең ақырында, заң өзінің қарызын өтету мақсатымен қарыз беруші адамның өзіне қарыздар адамның қоймасынан не қамбасынан еріксіз түрде өз бетімен астық алуына тыйым салды. Сірә, бұл әркімнің өзінше үкім шығаруын, ежелгі қарапайым құқықтық нысандарды, құқықсыз кедейлерді айрықша қысымға ұшыратқан байлардың озбырлығын тежеу мақсатынан туса керек. Аталған кодекс баптарының қандай да болсын жаңа келісімдердің, айрықша заңсыздықтар мен түрліше былықтарды тергеуді тіркеп отыратын заң құжаттарының жасалуын талап етуі, тіпті тергеу істерінің тиісті нысандарын белгілеуі тегін емес. Хаммурапи заңдары жиынтығының өміршендігі осында.

**Неке және мұрагерлік құқық.** Патриархтық, оның ішінде құлдықтың жасырын түрдегі ежелгі түрлері қалыптасқан патриархтық, отбасының маңызы ол кезде әлі де болса жойыла қойған жоқ. Сондықтан қанау мен үстемдіктің ежелгі түрлері қорғалды. Патриархты отбасының қожайыны барлық уақытта әкесі не ері болды, ал отбасының қалған мүшесі оған шексіз бағынып отыруға міндетті еді. Әкеге шексіз құқық берілді, ол өз үйінің мүшелеріне үстемдік жүргізді. Көп әйел алу әдет-ғұрпы да әйелдің әлеуметтік жағдайын төмендетті.

Неке қию. Ертедегі Вавилон отбасында ер адам үстемдік етті. Ол отбасындағы жалпы шаруашылықты жүргізуші. Ал енді "неке қию" Вавилонда шарт бойынша жүргізілген. Шарт жасалмайынша, неке күшінде емес деп саналды.

Ерікті құлмен некеге тұруға рұқсат етіледі. Сонымен қатар құлдың немесе мушкенумнің ерікті әйелмен неке қиюларына рұқсат етілді. Бұл жағдайларда некеден туған балалары басы бос, ерікті деп саналды.

Бірақ құлдың өлуіне байланысты некедегі жиналған мүліктердің жартысын құлдың иесі алатын, ал әйелі балаларына жарты мүлікті мұраға қалдыра алатын. Күйеу жігіт болашақ енесіне неке ақысы сияқты ақша беретін.

Неке кезінде берілген заттар қыздың жеке меншігі болып қалады. Егер әйел өлсе, оның бүкіл мүлкі балаларына қалатын. Берілген заттар ерінің өлуіне байланысты әйелге көшетін. Сонымен қатар бала туған әйел ешқандай себепсіз айрылысқан кезінде немесе күйеуінің кінәсі болған жағдайында, бүкіл мүлік әйелге берілетін.

Ер мен әйел - неке құқығының негізгі субъектісі. Қалған мәселелер ер мен әйелдің арасындағы жолдастық қарым-қатынас төңірегінде дамиды.

Бала туған әйел еріне "күн" ұстауға рұқсат етеді. Бірақ ол үйдің иесі болып қалуы тиіс. Бұл жағдайда ерінің айырылысуға құқығы бар. Оған заңдық негізде ешқандай кедергі жоқ. Кедергі тек әйелдерге ғана қатысты. Әйелдердің айырылысуына болатын заңды үш негіз бар: 1) әйелдің ақтығына себепсіз кінә тақса; 2) ері үйін және тұратын жерін тастап кетсе; 3) егер әйелі ауру болса, ерінің күн ұстауға құқығы бар.

Ері әйеліне жеке билік жүргізуге құқық бермесе де, 117-бап бойынша ері әйелін өзінің қарызын өтеу үшін немесе қызметке қарызын (шарт) өтеу үшін бере алған.

Сонымен қатар заңда ері тұтқынға түсіп қалған жағдайда әйелі екінші рет күйеуге шығуына рұқсат етілген. Егер өмір сүру мәселесін өзі шеше алмайтындай болса, ері тұтқыннан оралғанда кері қайтуы міндет. Заң бойынша сот келісімінсіз балалары бар әйелдің екінші күйеуге шығуға құқығы жоқ.

Жоғарыда айтып кеткендей, Вавилон қоғамында ерлердің балаларын кім алғысы келсе, соған біржола сатуға құқығы болған. Бұл жерде "бала асырап" алу мәселесінің мәні тереңде. Баланы сатып алу арқылы болашақ жұмыс күші қамтамасыз етілетін болған. Себебі құлдар қымбат және олар Вавилонда көп емес те еді.

191-бап. Сонымен қатар балалары жоқтар баланы асырап алғаннан кейін олардан бас тарту жағдайлары да құқықпен қорғалатын. Бала асырап алушының асырап алған баладан бас тартуға құқығы бар. Егер бала асырап алғаннан кейін оларда бала дүниеге келсе, асырап алған баладан бас тартуға құқығы бар. "Бірақ бұл жағдайда ол өзінің балаларға арналған мүлік-мұрасының үштен бір бөлігін беруі тиіс. Жер учаскесі мен бақты және үй беруге міндетті емес".

Хаммурапидің кодексі бойынша, ерлі-зайыптылар бір-біріне адалдығын бұзған кезде әйел мен еркек екі түрлі жаза тартты. Егер ері әйеліне қиянат істесе, әйелі өзінің жасауын алып, төркініне қайтып баратын, әйелі қиянат істесе, оны суға тастап жіберетін. Неке шарттарының негізінде егер әйел өзінің ерінен бас тартса, онда ерінің әйеліне құлдық таңба салып, оны сатуына құқық беріледі.

Әйелдің жеке меншік құқығы болды. Жесір әйел өзінің мүлкін толық дәрежеде еркімен билеп-төстей алмады. Заң шығарушы түрліше жолмен дүние-мүліктің бір отбасында толық сақталуына тырысты. Хаммурапи кодексінің кейбір баптары ері өлгеннен кейін жесір әйелдің мүлкін басқаға беруіне рұқсат етпеді, өйткені бұл мүлік балаларының мұрасы деп саналды. Олардың ішінде үлкен баласы мұраның басым бөлігін иеленді. Қыздарға мұның ішінде өзіне тиісті мұралық үлес қалыңмал түрінде

берілді. Қожайынның құлдан туған балалары, асырап алынған болса, мұра бөлуде басқа балалармен бірдей үлес адлы. Бұл мұрадан әйелге өзінің ерекше жесірлік үлесі немесе балаларымен бірдей мұралық үлесі ғана берілді.

Ертедегі Вавилонда өсиет етіп қалдыру құқығының бола бастағаны байқалды. Мысалы, 165-бап бойынша әкесі өзіне ұнаған баласына жазбаша құжатпен үй, бақ немесе жер сыйлай адды. Бұл мүлік әкесі өлгеннен кейін бөлінетін мүлікке кірмеді. Тек бір шектен тыс, яғни, әкесіне қарсы кешірілмес күнә жасаған жағдайда ғана ол баланы мұрадан айыруға құқық берілетін.

**Қылмыс пен жаза.** Хаммурапи заңдарында қылмыстық - құқықтық жауапкершіліктің басты принциптерін орнықтыратын жалпы ережелер жоқ. Заң бірдей қылмыс жасағаны үшін адамдарға жазаны олардың табына, әлеуметтік тобына қарап тағайындады. Сондай-ақ алдын ала кінәсіз адамдарға да жаза тағайындалды. Мысалы, жалданып үй салған

құрылысшының кінәсінен үй құлап, оның иесінің баласы осыдан қаза тапса, жаңағы үйді салған әкенің баласы да өлім жазасына тартылатын болды.

Хаммурапи заңдары тек қоғамның дәстүрімен кек алу белгілері байқалатын әртүрлі жазалар да тағайындайды. Мысалы, кейбір жағдайларда тонаушыны отқа тергеусіз тастап жіберу, қауымнан қуу сияқты жаза да сақталған.

Өлім жазасы өртеп жіберу, суға батыру, шанышқыға отырғызу, тірідей көму сияқты жантүршігерлік түрде қолданылды. Вавилонда, сондай-ақ тілін, қолын, саусақтарын, құлағын кесіп алу, көзін зақымдау және басқа денеге таңба түсіретіндей жазалар да белгіленді.

Занда қылмыстық құқық өте қатал қаралған. Қылмыстық құқықтың санкциясында "қанға-қан, жанға-жан"-дейтін идея жатыр. Яғни, бұл қылмысқа қылмыспен жауап беру деген сөз. Хаммурапи заңында әдет-ғұрып негізіндегі "қанға-қан" принципін шама келгенше тежеуге тырысқан. "Қанды орын" түрлі мемлекет бекіткен жаза шараларымен ауыстырылып отырған

**Жазалар.** Мұндай жазаның көбісі тарихи әдет-ғұрыптан, "талион" принципінен қалған. Айталық, 200-бапта "Біреудің тісін сындырған адамның да тісін бұзу керек" делінген. 196-бапта: "Біреудің көзіне зақым келтірген адамның да көзіне зақым келтіру керек" дейді. Кейбір жағдайларда талион принципі тек символикалық түрде ғана байқалады. Сәтсіз операция жасаған дәрігерге саусақтарын шауып алу қаупі төнген, нәрестені аштан өлтірген емізуші әйелдің көкірегін кесіп тастаған.

Әлеуметтік және мүліктік теңсіздіктің ұлғаюымен Вавилон қоғамында талион принципінің тынысы тарылды. Егер қылмыс әлеуметтік жағдайы төменірек адамға қарсы жасалған болса, қылмыскер келтірген зақымы үшін тек ақшалай құн төлеумен күтсүйегін сындырған кісі (авилум) жазаға талион принципі бойынша тартылды. Ал егер дәл осындай қылмыс мушкенумға қарсы жасалған болса, 198-бап бойынша авилумға жаза тек 1 мина күміс (ақша) төлеттірумен шектелді.

Айыпкерлерге қарсы жазалардың мәні мен қолдану тәсілі Вавилондағы құлиеленушілік құрылысты ұстап тұруға бағытталған. Хаммурапи Заңында келесі түрлі жазаларды көреміз: өлім жазасы, дене жарақаты, үйінен немесе туған жерінен қуылу, дүре салу, ақшалай айып, қызметінен босату және т.б.

Заң өлім жазасын 30 жағдайда кесе алады. Өлтіру жазасы: кінәліні өртеу, суға батыру, дарға асу арқылы іске асыратын. Сонымен талион принципі бойынша "символдық" ретінде қылмыс істеген мүше жазасын алатын. Мысалы, әкесіне тіл тигізгені үшін тілінен, әкесіне қол тигізгені үшін қолынан айыру шаралары кеңінен таралған.

**Сот іс жүргізу.** Ерте кезеңде Хаммурапи дәуіріне дейін сот жүргізу ісін дін иелері жүргізген. Хаммурапи кезеңінде әкімшілік реформаларымен қатар сот реформасы болып өтті. Діни судьялар ақсүйектермен алмастырылды. Бірақ дін иелері толық сот ісінен аластатылды деген қорытынды шығаруға болмайды. Себебі "храмдық сот" судьялары сақталған.

Елдегі ең жоғарғы билікпен қатар жоғарғы сот билігі де патша қолында болатын. Кейде өзінен басқа патша судьялары оның сот функциясын

атқарған. Әкімшілік реформаға сәйкес әр округтің 4-8-ге дейін судьялары болған. Судьяларға патшаның басқару қызметі де берілген. Олар мемлекет және қала мүліктеріне бақылау орнатқан.

Вавилонда ертеден келе жатқан әдет-ғұрып бойынша сот қызметін әкімшілік басқаратын. Шакканаку - облыс басқармасы, ол қоғамдық тәртіпті сақтау мақсатында судья ісін атқарған. Рабинанум - қауымның басшысы, сот қызметін атқаратын.

Сотта процесі қылмыстық және азаматтық процесс болып бөлінбеген. Кінә тағу жеке адамға арналған.

Сот процесінде айғақ ретінде, ант беру, куәгерлер, жазбаша актілер, сонымен қатар сынау қолданылды. Ант беру күмәнді болған жағдайда құдайдың аддында ант-су ішетін. Бұл өте көне дәуірден келе жатқан әдет.

Кейбір күрделі сот хаттамалары саз тақтайшаға жазылатын. Онда сот процесі басынан аяғына дейін баяндалатын.

## **ЕЖЕЛГІ ҚЫТАЙ МЕМЛЕКЕТІ**

### **Қытай мемлекетінің пайда болу және даму кезеңдері**

Қытай тарихы мынандай дәуірлерге бөлінеді:

1. Шань (Инь) - (б.д.д. 18-11 ғ. ғ.)
2. Чжоу дәуірі - (б. д. д. 11-3 ғ. ғ.)
3. Цинь дәуірі - (б. д. д. 221-207 ж.ж.)
4. Хань дәуірі - (б. д. д. III ғ. -б.д. III ғ.)

Хуанхэ өзенінің төменгі және орта ағысының бассейнінде б. д. д. екінші мыңжылдықта ірі тайпалық құрылымдардың бірі пайда болды. Иероглиф жазуының белгілері өмірге келді. Өндіріс күштерінің өркендеуі металды қолданумен және еңбек процесін жетілдірумен тікелей байланысты. Қоғамдық функциялар жіктеліп, әскери көсемдер, абыздар, қауымдық кеңес бөлініп шығып, құлдық пайда болды. Қала айналасына этнологиялық белгілері бойынша біріккен корші қауымдардың туыстық кешендері салынды. Қала қауымдары су тасқынына қарсы бірігіп күресу, әскери себептер сияқты шаруашылық мұқтаждыққа бола бірікті. Мүліктік жіктелу отбасын күшейтті. Екінші мыңжылдықтың аяғында барлық қауымдар ішінде Шань қауымы ерекшелене бастады. Оның басшысының төтенше әскери өкілдіктері болды және ол "Ван" деп аталды. Тонау соғыстары ванның билігін одан да күшейте түсті. Ол жасағын өзіне берілген сарбаздардан құратын. Ван лауазымы мұра бойынша ауысып отырды.

### **Мемлекеттік аппарат (Шань)**

Қытай рулық қоғамнан мемлекетке көшкен кезде ұсақ мемлекеттердің басшылары абыздар мен әскер басқарушылардың функцияларын қосып орындаған болатын. Ван аспанның баласы, ол тағын балаларына мұрагерлікпен бере алған, әскерді басқарған және бүкіл жердің жоғары иесі болып саналған. Оның билігі шексіз болатын, айтқан бұйрығын орындамаған адамдардың басын шауып тастап отырған.

Ванның көп көмекшілері болатын, олардың арасында жоғарғы вельможа-цзай, нэйши, сот қызметкері, жоғарғы абыз, жазбашылар кіретін.



Қытайдың басшылығы мемлекеттік аппарат иерархия принципімен құрылған, қызметкерлер ранг бойынша бөлінді.

**Жергілікті басқару** - жергілікті көсемдер чжухау деп аталатын, оларда 8 рангі болды. Чжухау ван сарайына жүйелі келіп тұруға, оның өмірлерін орындауға және алым-салық (мал, тасбақаның тас қабығы, тұтқындар) жіберіп тұруға міндетті болды. Сонымен бірге ван өз жағынан оларға шабуыл кезінде көмек көрсетуге тиіс еді. Төтенше жағдайларда халық жиналыстары өткізілді.

**Әскер.** Шаньда тұрақты әскер болған жоқ, чжухау 3000, 5000, 6000 сарбаздан тұратын жасақтар қойып тұрды. Оларда қола қару-жарақтар болды, атты және жаяу әскер болып екіге бөлінетін.

**Сот.** Жоғарғы Сот-ванның өзі, сот әкімшіліктен бөлінбеген, оның карамағында чжухау қызметі болды. Орталық мемлекеттік басқару құрамына сот және жаза мәселелерімен айналысатын қызметкерлер кіретін.

Жоғары дәрежелі қызметкерлердің жазғыш, қазынашы, салтанат атқарушы сияқты қызметтері болды, Патша жанындағы ақсүйектер кеңесіне ру ақсүйектерінің өкілдері мен ұлы көсемдердің ұрпақтары кірді. Бал ашатын жазуларда олар "Үлкендер кішілер кеңесі" деп аталды. Патша ұрпағы елдің жоғарғы қызметтеріне иелік ететін үлкен қауым еді. Патша аң аулауды басқарып, әскербасы және шіркеубасы қызметтерін атқаратын. Патша армияға сүйенді. Қытай армиясы әрдайым жаяу, атты және арбалы әскерге бөлінетін, сарбаздар өте қарапайым қына, қылыш, балта сияқты қарулармен қаруланатын. Сарбаздың саны 5000-ға, атты әскер 300-ге жетті.

#### **Чжоу мемлекеті (б. д. д. XII-III ғғ. )**

Чжоу заманында жер өндеу құралдары жетілдіріле түсіп, темірді қолдану қолөнердің дамуына септігін тигізді, Чжоу қоғамының жіктелуінен иерархиялық әлеуметтік жүйе пайда бола бастайды. Сарай жұмыстарына, арба дайындауға, құрылыста, тоқыма, мыс, темір өндіру кәсіпшіліктерінде, жер игеруде, қолөнер мен саудада құлдар кеңінен қолданылды. Егер бұған дейін Шань дәуірінде құлдар ұжымды меншік болса, енді жеке меншікке айналды, бұл байлықтың көрсеткіші еді.

Чжоу Шань қаласының батысында орналасқан, бұл нағыз қытай тайпасы еді. Екінші мыңжылдықтың ортасынан б. д. дейін чжоулар Шань аумағына жайласа бастады. Олардың арасындағы белсенді қатынастар туралы бізге Инь тастарындағы жазулардан мәлім. Шаньдардың чжоуларға қосылуын 1122 жылға қаратады, бірақ бұл дәл емес. Шаньдар Му патшаның тұсындағы шайқаста жеңіліс тапты. Өйткені олар өздерінің шығыс көршілерімен болып тұратын соғыстан әлсіреп қалған еді. Чжоулардың әскери белсенділігі б. д. д. екінші жылдықтың аяғына таман күшейген таптық жіктелу процесіне байланысты еді. Чжоулардың әскери көсемдерінің күшейіп, қуатты тайпалар одағын құруы туралы бізге этникалық дәстүрлерден мәлім. Ол Вэнь-Ванды (тамаша патша), чжоу тайпалар одағының басшысы Чан мен оның баласы У. Ванды ерекше мадақтайды.

Басында ұлы Шань қаласы болған "ном" типті қалалық қауымдардың Инь конфедерациясының орнына Хуанхэның төменгі және орта ағыстары

төңірегінде ерте мемлекеттік құрылыс пайда болды. Чжоулық қауымдық-тайпалық Хоу Изуға табынудың орнына, жаңа Аспанның жоғарғы құдайына, Аспан баласы-Чжоулық Ванға табыну дәстүрге енді. Батыс Чжоу дәуірінде құл иеленуші қытай мемлекетінің кейбір маңызды белгілері мен ерекшеліктерін айқындаған саяси құрылыстың негізі қаланды. Батыс Чжоу ежелден біртұтас болған жоқ, ол ханзадалары, наместниктері, бағынышты одақтас патшалары алым-салық төлеп отыратын, ол өз аймағын жеке басқаратын Хетт державасына ұқсас еді. Инь бірлестігін талқандағаннан кейін чжоулар өздерінің ата мекенінен чжоу әкімдерінің резиденциясының біріне, Ло өзенінің резиденциясына көшірді. Оларды патша шаруашылығында жұмысшылар ретінде ұстады. Қалған иньдар өз жерлерінде қалды, бірақ олардың жері жаулап алушылардың туыстары мен майдандас серіктеріне иелікке берілді. Жаулап алынған жерлер чжоу ақсүйектеріне берілді немесе бұрынғы әкімдердің басқаруында қалды, бірақ енді олар чжоу ваньның арнайы "бақылаушыларыны" қадағалауында болды. Сонымен, чжоу патшалары өзіне бағынышты аумақтың барлығын тікелей басқарған жоқ. У-Ван Шань қаласын басып алғаннан кейін қайтыс болып кетті де, оның баласы Чан Ван чжоу ақсүйектерінің арасындағы тартысты тоқтата алмады. У-Ванның аға-інілері арасындағы таққа талас оның баласына кедергі болды, бұл кезде тақ мұрагерлігі әлі жөнді орнықпаған еді. Тек өзінің ағайындарын өлтіру арқылы ғана Чан ван өз билігін сақтап қалды, бірақ кейін бұл билікті қарудың күшімен қорғауға тура келді.

Батыс Чжоу үйіне бағынышты одақтас әкімдер ондап, жүздеп есептелген, олардың тек 71 ғана Чжоу патша ұрпағының мүшелеріне бекітілген болатын. Чжоу ваньның жерді сыйға тартуы жоғары меншік құқығымен байланысты емес, бұл оның бүкіл ел аумағында мемлекеттік егемендік құқығын жүзеге асыруы еді. Лауазымды адамдарға жерді сыйға тарту жерді олардың меншігіне айналдырмайды, бұл тек жердің патшаның жер қорынан шығатынын білдіретін. Сонымен қатар алған адамдарға тек бұл жерлерден түсетін табысты иелену құқығы ғана берілді.

Таққа жаңа патшаның келуіне орай бұл актілер жаңартылып тұру керек болды. Сыйға тартылған иеліктерді ваньның жарғысымен мұрагерлікке беру қолданыла бастады. Кейін жер, елді мекен, малмен бірге ваньның адамдары да ат бағушыдан, егіншілерге дейін иелікке тапсырылды.

Патшаның ірі кешенді шаруашылығы – егіншілік, мал шаруашылығы-қол өнер өнеркәсібі кең өріс алды, оларды "сатуды" жер қараушысы басқарды. Жаңа патшалықтың шіркеулік-шаруашылық құрылымдары да болды. Бұл шаруашылықтағы жұмыстарға ерікті адамдар да тартылды, құлдыққа көбінесе сотталған, тұтқынға алынғандардың еңбегі пайданылатын. Оларды ши немесе командирлер басқарды. Бұның өзі Қытайда әскерді күшейту құралынан бөлек, езілген халықты еңбекке мәжбүр ету қызметінің де болғанын көрсетеді. Жерді сыйға тарту тәжірибесінің жойылуы мен көлемді құл иеленуші шаруашылықтардың ұйымдастырылуы роғыстың мақсат-мүдделерінің өзгеруіне алып келген еді. Олар енді жерді

бөліп алумен, жұмыс күші болатын тұтқындары қолға түсірумен анықталды. Бұл еріксіздер санатына ванның өзі қожалық етті.

Сөйтіп оларды жорыққа қатысқандарға бөліп берді және қашқын құлдарға жазалау шараларын қолданды. Батпақ, тырбық ормандар әлі де ұлы солтүстік жазығының көлемді бөлігін алып жатқан. Жабайы құстар мол болды. Еңбек құралдарының анайылығына қарамастан, Хуанхэның төменгі және орта ағыстарындағы елді мекендердің егінді жерлерінің көлемі арта түсті. Егіндік батпақты кептіру нәтижесінде ұлғайып отырды. Қала типті мекендер енді Солтүстік даласы мен Янцзы өзені арасындағы жазықтың барлығына тарайды. Өзен жағасына салынған қоныстар, нығыздалған жер дуалдармен қоршалды. Гунтяндарға бөлінген аумақтың жер қауымдары мемлекет пайдасы үшін өнделетін. Олар жеке адамдарға тиесілі болмады. Қауымдардың ерікті мүшелері халықтың негізгі көпшілігін құрады. Олар мемлекет алдында борыштар болып өмір сүрді. Чжоудың өз халқының байсин (жүз-туыстық) тағамдарды тарату құқығы бар еді. Осыдан кейін жеке жер шаруашылықтары пайда бола бастайды. Ерте батыс чжоудағы феодалдық құрылыстар өте шашыраңқы еді. Сондықтан оның билігі біртіндеп күшейе түсті. Жағдайды шиеленістірген солтүстік батыс пен оңтүстік шығыс тайпаларының шапқыншылықтары. II-ғасырда олар Чэнхоу қаласының маңына дейін келді. Чжоу ванның олармен одақтасу әрекеттері Чжухоу жағынан қарсылық шақырып отырды. Чжоулар орталық Азияның түкпірінен келген көшпелі тайпалардың қысымына қарсылық көрсете алмай, өздерінің ата мекенінен шегіне бастады.

Батыс Чжоудың соңғы патшасы Пин Ван (710-720 ж. ) өз астанасын Шығысқа Хэнаньға көшірді. Көппатшалықтың дәуірі басталды. Бұл дәуірде Хуанхэның төменгі және орта ағысы бассейнінде 150-200 өз аддына ерікті мемлекеттердің "Лего" қауымы өмір сүрді. 722 жылдарда олардың ішінен оншақты ірірек қауымдар бөлініп шықты, солардың бірі Шығыс Чжоу. Чжоу тарихи дәстүрі оларды "орталық патшалықтар" Чжун-го деп есептеді. Бұл термин Қытайдың ресми атауы. Қолөнер көптеген мамандырылған салаларға бөлінді. Кәсіп орталығы шикізат көзі табылған жерлерге ығысты. Лего-Қытай аумағында қола дәуірінің гүлденуі семсерлер, сауыт, қола қылыштар жасауға тікелей байланысты еді. Лего қалалары орташа болып келді, олар ұзындығы 400-600 метрлік ұзын дуалдармен қоршалды. Ал дуалдардың ішінде әскерлер мен діни орталықтар орналасатын. Патша әкімдері (хоу және гуждар) мемлекеттік қордан қызметі үшін жерді кеңінен таратып отырды. Көрі ақсүйек тұқымдары маңызды лауазымдарды өздеріне мұрагерлік жолымен жалғастыратын. Мұндай тұқымдар патшалықта 5-6 болатын. Жоғарғы қызметке тағайындау ғұрпы өзінше еді. Патша мехрабынан сыйға берілетін жерден алынған топырақты патша тағайындаған адамға тапсыратын. Жоғарғы ақсүйектердің соғыстарға және патшаның арбалы, жасақты аңшылықтарына қатысуы міндетті болды. Олар сарайды жұмыс күшімен қамтамасыз етіп, әрі құрбандыққа мал, құс, мыс, қалайы, шикізат пен азық-түлік беріп тұратын.

Ал Лу, Вэй, Сун және Чжэн патшалықтарында иньдердің ұрпағы өмір сүрді. Билігі жіктелген екі жақты басқару нысаны қалыптасты. Сөйтіп Чжоу орташа мемлекетке айналып, аспан астындағы ғибадат қала ретінде құрметтелді. Чжоулардың астанасы Лон қаласына көшкеннен кейін басқарушы ван үйінің ішіндегі өзара талас-тартыс Чжоуды әлсіреткені соншалық, басқа қалалар оны ғибадат орталығы ретінде өз қамқорлығына алуға мәжбүр болған еді. Ванның абыздық және әскери биліктері бөлініп, әскери билігі қуаттырақ әкімдерге берілді де, олар Чжоу ванның аспан астындағы жоғарғы діни басшы - Аспан баласы ретінде қорғауға міндетті болды.

### **Чжоу дәуіріндегі Қытайдың мемлекеттік құрылысы**

Бұл кезеңде Қытайдың билік орындарында төрешіл күрделі аппарат қалыптасты. Патша төңірегінде мемлекеттік басқару саласында жоғары қызмет істейтін ақсүйек шенеуніктерінің үлкен тобы пайда болды. Мемлекет басында патшадан кейін оның ең жақын көмекшісі тұрды. Көмекші қызметінің ауқымы кең болатын. Кейде бұл лауазым шығыстық деспотияға тән сипатпен мұра бойынша ауысып отыратын. 3 адамнан тұратын алқаға жер игеру жұмыстарының бастығы мен сарбаздар бастығы кірді. Сарбаздар бастығы - қолында бүкіл елдің әскери билігін жинақтаған өзгеше әскери министр еді. Ол жұртты әскерге жинады, соғыс ісіне үйретуде басқарудың, әскери инспекциясының басында тұрды. Сонымен бірге әскерді қамтамасыз ету жұмыстарын бақылады. Үшінші адам қоғамдық жұмыстарға жетекшілік жасап, мемлекетті сумен қамтамасыз ететін және жер қорын басқаратын. Кейінірек басқа қызметкерлер пайда болды: олар өз қолына патша сарайы мен басқару жұмыстарын алып, сот ісін және дінге табынуды ұйымдастырып отырды.

### **Чжоу дәуіріндегі құқық**

Қытайдағы Қылмыстық кодексті аты аңызға айналған Му патша шығарған деп есептеледі. Оның құрамына қылмыстық құқықтар жинағын құрайтын 3000 қылмыстық шешім кіретін. Жазалау жүйесі жеткілікті дамыған еді. Маңызды қылмыстарға тағылатын жазалар ерекше болатын: өлім жазасы, еркектерді кестіру немесе әйелдерді қамап қою, аяқты кесіп тастау, мұрын кесу, татуировка түріндегі қорлық таңба салу. Бұл жазалардың барлығы патшаға тіл тигізгені үшін қолданылатын. Қылмыстар кездейсоқ және қасақана болып екіге бөлінеді. Жоғарғы судья өлім жазасына тартылатын қылмыстарды қарастырып, төменгі инстанция соттары қалған істерді қарайтын еді.

### **Цинь мемлекеті**

III ғасырда Қытайда қайтадан күшті мемлекет, Цинь әулетінің мемлекеті орнайды. Ұлы Қытай қорғанын салу жұмыстары да шамамен осы кезеңде басталған. Бұл дәуірдің атақты саяси қайраткерінің бірі – император Инь Хуанзи. Қытай мемлекетіне көрші көшпенді тайпалар мен тау, қыр адамдары ылғи шабуыл жасап тұрды. Қытайда бұл дәуірде патшаны талқылайтын кітаптарды өртеу фактісі болғаны белгілі. Ши-Хуан-Ди

патшаны жамандайтын кітаптарды тыққаны үшін 460 жазушыны тірідей көмуге бұрық шығарыпты.

Империяда әкімшіліктік бөлу принципі қалыптасты. Жергілікті органдардың құылысы мейлінше күрделеніп кетті. Қытай тарихында қауым әрқашан ең төменгі аумақтық бірлік болып келген. Оның өзін-өзі басқаратын орғандары болды. Бұл кезеңде Шань Янь әскер реформасын өткізіп, императордың өзі жоғарғы бас қолбасшысы болды. Цинь дәуірінде аймақтық судья қызметі енгізілді. Болыс бастығы да сотқа жататын дауларды шешумен айналысатын. Көршілік қауымның біртіндеп ажырауы еңбекшілердің кедейленуін арттырып, ірі құл иеленушілік, жер қожалығы пайда болды. Хань династиясының патшалары тұсында бай ақсүйектер өз қолдарына ірі жер иеліктерін жинақтады. Еңбекшілердің қалың көпшілігінің тұрмысының нашарлауы олардың өз балаларын құлдыққа сатуға мәжбүр ететін. Бірақ құлдықтың ең басты көзі, әрине, адамдарды тобымен тұтқынға түсіретін соғыстар болды. Бұқара халықтың ойсырауы, көршілік қауымның біртіндеп құлдырауы, ірі жер қожалығының өсуі, құл сату осының барлығы таптық қайшылықтарды шиеленістірді де, таптық күрестің ұлғаюына алып келді. Қытай мемлекетінің күшеюі мәдениет өркендеуінде де байқалды. Бұл уақытта академиялар, кітапханалар құрылып, мемлекет жазушыларды қолдап отырды. Шенеуніктердің мамандығын көтеруге жағдай жасалып, олардан халық алдында емтихандар қабылданатын. Бірақ та мұның барлығы көз алдайтын үстірт сипатта ғана еді.

Ван Ман реформалар жасағысы келді. Ол ірі жер қожалықтарын тәркілеп, жер қорын қайтадан белуді, құлдарды алып-сатуға тыйым салуды ұсынды. Ол өз зандарымен бағаларды реттеуге, елдің экономикалық өміріне араласуға тырысты. Бірақ б. д. дейінгі бұл реформалардың сәтсіздікке ұшырағаны белгілі. Таптық күресті жұмсартуға арналған ірілі-ұсақты шаралар ешқандай нәтиже бермеді. Әлеуметтік қозғалыстар мен көтерілістер одан да күшейе түсті, олардың арасындағы Фан Чун басқарған "қызыл қастылардың" көтерілісі. Көтерілісшілерге реакцияшыл ақсүйектер топтары қосылып, 23 жылы Ван Ман әскері талқандалды. 184 жылы тағы бір ірі көтеріліс болды. Бұл Чжан Цзянның басқаруымен болған "сары орамалдар" көтерілісі еді. Көтерілісшілер тобы жалпыға бірдей әлемге жол деген ат алып, оның басшылары халық батырлары деп жарияланды. Олар 100000-дық әскер жинап алды, бірақ бұл қозғалыстың кең қарқынына қарамастан, көтеріліс жаншылып қалды. Дегенмен, Хань династиясы билікті өз қолдарында ұстап қала алмады. Сансыз көп көтерілістер Хань мемлекетін титықтатып жіберді де, ал көшпенділер шабуылдары оны біржолата тоқтатты. Ертедегі шығыстық династиялар тек сыртқы көзге ғана қуатты да берік мемлекет болып көрінетін. Шындығында олар күйрек, осал болды. Бұл күйректіктің себебі олардың тайпалық және әлеуметтік құрылысында жатыр. Ірі жаулап алулар негізінде құрылған құл иеленуші мемлекетгер ұлттық мемлекет бола алған жоқ, ішкі экономикалық байланысы нашар дамыды. Ішкі қайшылықтары да ушыға беретін: бағынған жердің тұрғындары жаулап алушыларға қарсы шығып отырды, құл иеленушілер мен құлдар арасындағы күрес үздіксіз жалғасып жатты. Сондықтан бұл мемлекеттер берік болған жоқ. Сырттан келген бірінші соққыдан-ақ күйреп қала берді.

## ЕЖЕЛГІ ҮНДІСТАН

### Үндістанның экономикалық және қоғамдық құрылысы

Үндістан жер көлемі және халқының саны жөнінен өте ерте уақыттардың өзінде-ақ Азия елдерінің ішіндегі ең ірілеріне жататын.

Біздің дәуірге дейінгі үшінші мыңжылдықта Үндістанның батыс-солтүстік жағында мемлекеттер болып, ол мемлекеттерде мәдениеті жоғары, өздерінің жазу әдебиеті бар тайпалар өмір сүргені мәлім. Ежелгі Үндістанның мәдениеті бірінші мыңжылдықта гүлденіп, көрші халықтарға да әсерін қатты тигізді. Үндістан буддизм дінінің отаны.

Үндістанның географиялық жағдайы өте күрделі және әртүрлі болатын. Үндістанның жері үлкен түбек, материк сияқты аумақты, басқа дүниеден екі мұхитпен және Гималай тауымен бөлініп тұр. Түбектің ортасы-Деккан жартыаралдың ең ежелгі бөлімі. Ол джунглиден, саваннадан, таулы және тасты жерлерден тұрады, құрғақшылық жиі болуына байланысты адамның өмір сүруіне қолайсыз еді. Адамдардың тұруына ең жақсы, пайдаға асатын жерлер Үндістанның батыс-солтүстік жағындағы Инд және Ганг өзендерінің арасында орналасқан аллювиалды тегіс алқаптар. Суы мол, жерлері құнарлы, климаты жұмсақ, сондықтан ежелгі кезеңнен-ақ осында ірі мемлекеттер пайда болды.

Үндістанның халқы ұлттық жағынан алуан түрлі болатын. XX ғасырдағы ресми есеп бойынша Үндістанда 220 тіл бар екен. Үндістанның негізгі халқы аласа бойлы, қара түсті "дравидтер" деген тайпалар. Олар Үндістанның орта және оңтүстік жағына орналасқан болатын. Тарихшылар дравидтерден де бұрын тұрған тайпалар "мунда" деп санайды. Бұл тайпалар орталық провинцияларда, Гималай және Чото-Нагпур деген жерде тұрған. Олар Үндістанның орта және оңтүстік жағына орналасқан.

Бұл кезеңде Үндістанда дравидтердің тайпалары тұрғанын айтып өттік. Олар тауда және джунглиде тұратын қарабайыр топтарға бөлінеді. Арийлер басып алғаннан бұрын оларда өркениеттіліктің көптеген белгілері болатын: сәнді қалалар салынып, сауда дамыған еді, алыс мемлекеттермен де сауда жүргізілетін.

Біздің дәуірімізге дейінгі екінші мыңжылдықта дравидтерді Гиндукуш және Памир тауларынан түскен ақ тайпалар басып алып, олар Пенджаб және Ганг өзендерінің жоғары бассейніне орналасты. Осы тайпаларды арийлер деп атайды, арийлер дегеніміз ақсүйек, жақсы тұқым деп аударылады. Дравидтерді олар "дасью" деп атаған.

Осы айтқан тайпалар ғасырлар бойы көшпелі өмір сүріп, кебінесе мал бағумен айналысты. Арийлер егін шаруашылығымен де шұғылданған. Олардың күріш, күнжіт және арпа отырғызғаны белгілі. Мақтадан мата тоқу, ыдыс-аяқ жасау, қола мен темірден қару соғу кәсіптерінің дамығаны анық. Егін шаруашылығының, қолөнер және мал өсірудің дамуы бірте-бірте сауданың пайда болуына әкелді. Арийлер басып алғаннан кейін Үндістанда ауыл қауымы болғаны белгілі, ол алдымен отбасы қауымы болды да, соңынан қоныс қауымына айналып кетті. Бұл қауымдарды "вишпатья" деген старосталар, және "сабха", "самити" деген кеңес басқарды.

Үндістан жеріндегі отбасылар патриархалдық топқа жататын. Мүлік және билік тек қана әкесінің қолында жиналған еді. Әкесінің билігі кейін үлкен баласының қолына өтетін. Жер қауымның да, жан ұясының да меншігі бола алады.

**Қоғамдық құрылысы.** Ежелгі Үндістанның әлдеқашаннан келе жатқан әлеуметтік-таптық жүйесі касталарға, готраларға бөлінеді. "Каста" португал тілінен шыққан сөз, ол тайпалық рудың тазалығын көрсетеді. Арийлер мен дравидтердің түстері әр түрлі, сондықтан каста Үндістанда адамдардың түсімен де белгіленген. Касталар бір аудандағы туысқан адамдар, жалпы мамандығы да, діни әдеттері мен әлеуметтік деңгейіне де бірдей болған.

Касталарға брахмандар, кшатрийлер, вайшьялар, шудралар жатады. Жоғары үш каста-екі туған, "двиджати", "движати-ариас". Жоғары касталар үстемдік жасауға және жеңілдіктерге ие болуға құқылы.

**Брахмандар.** Пуруши деген алғашқы адамның ауызынан жаратылған. Оқу, білім, дін ілімін, құрбандық шалу, өзіне және өзгеге арнап садақа үлестіру және садақа алу ісін құдай брахманға белгілеген. Ману заңдарының 96-бабында (бірінші тарау) былай делінген: "Тірі нәрселердің бәрінің ішіндегі ең қасиеттісі - жандылар, ал жандылардың ішінде адам, ал адамдардың ішінде брахмандар болып саналады".

Бағыныштыларын қорғау, садақа үлестіру, құдайы құрбандық шалу, дін ілімін оқып-тану істерін құдай кшатрийге белгіледі. Кшатрий Пурушидің қолынан жаратылған. Тек кшатрийлер қарулануға құқығы бар.

**Вайшийлер.** Мал бағуды, үлестіруді, құдайы құрбандық шалуды, дін ілімін оқып үйренуді, саудамен жер өндеуді құдай вайшийге көрсетті. Сонымен, бүкіл пайдалы жұмысты вайшийлер істейтін болды. Олар Пурушидің санынан жаратылған, олар қауымның толық құқығы бар қарапайым мүшесі.

Ең төменгі төртінші каста-шудралар, олар бір рет туғанға жатады және Пурушидің табанынан жаратылған, сондықтан тек қана жоғары үш варнаға аянбай қызмет қылуға тиісті. Шудралар ең лас жерде жүретін адамдар. Шудралар қауымның теңсіз мүшесі.

Касталардың арасындағы теңсіздікті Ежелгі Үндістанның білімпаздары табиғаттың адамдарды біркелкі жаратпауынан деп түсіндіреді. Шудралар "инициация" әдетінен өтпейді, неге десек, олар қауымға қарсы шығатын бөтен адамдардан құралған, қауымның көмегінен айырылған, жерін жоғалтқан, яғни тәуелді әрі толық құқығы жоқ тайпалардың өкілдерінен тұратын. Инициация әдетінен өтпегеннен кейін олар тек қана бір рет туды деп саналады. Шудраларға қасиетті Веда кітаптарын оқуға тыйым салынды. Олардың кейбір діни салыстар мен қоғамдық мерекелерге қатысуға да құқығы болмайтын еді. Сонымен бірге жер иеленуге, жоғарғы өкімет аппаратында қызметке тұруға құқығы жоқ. Үндістанның сословиелік бөлінуі өте мықты және айқын болатын. Жоғары топтар сословиелік-касталық бөлінуді пайдаланып, өздерінің құқықтарын қорғап, өзара ынтымақта өмір сүрді. Үндістанның этникалық ала шұбарлығында, мемлекеттер бірігіп

және ыдырап жатқан жағдайда қасталық жүйесі, олардың топтық сословиелік бірлігін қорғады.

Қасталардың арасында мықты шекара құрылған. Тек қана өзінің кастасынан шыққан адаммен ғана некелесу шарт. Екі рет туғандар алғашқы некеге әйелді өзінің варнасынан алады, ал екінші некеге тұрғанда төменгі кастадан (бір каста томен) әйел алуға болады (3-тарау, 13-бап). Брахманның баласы шудрадан әйел алса немесе шудраның әйелі одан бала тапса, брахман өзінің брахман атағынан айырылады және оның баласы чандал болып саналады. Ману заңдарында әке - шешесін сыйлайтын, жақсы адам болатын бала тек қана екі жағы бір біріне тең некеден туатын балалар деп айтылады.

Ақсүйектер мен ұлдардың арасындағы шекара өте терең. Брахманға тиіскен адамның тиген жері кесіліп алынуға тиісті. Брахмандар өлім жазасына кесілмейді, оларға тартылатын ең ауыр жаза - шашын алу. Әлемдегі бар нәрселер түгелдей брахмандардың меншігі болып табылады, туған кездегідей мәртебесінің жоғары болуына байланысты тек брахман ғана осының бәріне құқылы, -делінген 100-бапта. (Ману заңдары. 1-тарау). Брахман шудраны өлтірсе оған тек қана тазарту жазасы кесіледі, өйткені шудраның өмірі иттің, мысықтың, қарғаның әміріне тең болып саналған. Шудра брахманды жамандаса немесе абыздың жүріс-тұрысы туралы жаман сөз айтса, оның ауызына ені он бармақ ыстық темір тығады. Каста жүйесі рулық ақсүйектердің және арийлердің тазалығын енгізгені түсінікті. Екі түрлі касталардың және басқалардың бір біріне қарыздары болатын болса, төменгі касталардың өкілдерін қарызы үшін құлдыққа айналдыру салтқа енгізген. Ал жоғары қастаның өкілдері қарызын бөліп төлеуге құқығы болатын. Брахмандардың меншігін ешкім, тіпті патша да тартып ала

алмайды. Брахмандардың патшаға ақыл-кеңес айтуға құқығы бар, патша оларға сыйлық беруге міндетті.

**Кшатрийлер** бүкіл халықты қорғау үшін туған. Брахмандар мен кшатрийлер тату тұрып, бір біріне көмектесетін болса, бақытқа жетеді. Патша негізінен кшатрийлердің кастасынан шығуы тиіс.

**Құлдар.** Құлдықтың басты кездері: соғыс кезінде тұтқынға түсу, қарызын бере алмай құлдыққа түсу, қылмыс істегені үшін құлдыққа түсу болып саналады.

**Чандалдар.** Қоғамдық сатының ең төменгі бөлігінде чандалдар жатады. Чандалдардың үйлері бәрінен де бөлек орналасқан, өздері көшпелі өмір сүреді. Олардың қоғамдық құдықты, басқа да жалпы жерлерді пайдалануға құқықтары болмайтын, көшеге шыға алмайтын, олардың бар дүниесі ит пен есек, киетіндері өлген адамдардың киімі. Чандалдар бір жерде тұрақты тұрмауы керек, жұрт ұйықтап жатқанда қалада жүрмеуі керек.

### **Ежелгі Үндістанның мемлекеті және құқық тарихын кезеңдерге бөлуі**

Ежелгі Үндістанның мемлекет және құқық тарихының негізгі кезеңдері мыналар саналады:

1. Алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырап, құл иеленушілік



құрылыстың, құл иеленушілік мемлекеттің пайда болу кезеңі;

2. Ганга және Үнді жазықтығындағы құл иеленушілік мемлекеттер;
3. Маурьялардың орталықтанған мемлекеті;
4. Үнді мемлекетіндегі дағдарыс және феодалдану.

Бұлардың әрқайсысына қысқаша тоқталып өтер болсақ, бірінші кезеңі шамамен екінші мыңжылдықтың екінші жартысына жатады. Үндістанға басып кірген арийлерде бұл уақытта әлі патриархат сатысындағы рулық құрылыс қалыптасты. Бұл құрылыстың негізгі ұйымдары "рулық одақ" қана болды (латын тілінде "ру", бұл сөзден славяндардың "әйел" деген сөзі шыққан).

**Мемлекеттік құрылысы.** Үндістанның саяси тарихы біздің дәуірімізге дейінгі бірінші мыңжылдыққа таман зерттеле бастады.

IV-ғасырда Солтүстік Үндістанда бірнеше мемлекеттер пайда болды: олардың арасындағы ең ірілері Магадха мен Кошала. Біздің дәуірімізге дейінгі VI-V ғасырларда олардың арасында үстемдік үшін қым-қиғаш күрес болды VI-ғасырда Үндістанның патшалықтары Парсының Ахеменидтер басқарған мемлекетімен араласып, тығыз қарым-қатынас құрды. Парсының Дарий патшасы Үндістанның сатраптарына салық төлетіп тұратын. V-ғасырда Магадха патшалығы Кошала мемлекетін өзіне бағындырып, Гималай мен Гангтың ортасындағы аудандардың бәрін басып алды. Бұл кезең Магадха патшалығының гүлденген уақыты еді.

327-жылы А. Македонский жүз мың әскерін бастап шығысқа қарай бет алды. Мақсаты - Азия мемлекеттерін өзіне бағындыру. Оның әскерлері Никея деген қаладан шығып, Согдиана мен Бактриядан өтіп, Қабылдың жанынан өтіп Үндістанның батыс-солтүстігіне шықты. Бұрын Парсы патшаларына бағынған Гандхара тайпасы Александрға қосылды. Пуру мемлекетінің Пор деген патшасы Македонскийге ерекше қарсылық көрсеткені мәлім. Александр 12000 адамды өлтіріп, Гифазис деген өзенге дейін жетті. Содан кейін әскерлері әрі жүргісі келмей, қарсылық көрсеткеннен кейін, ол кейін қарай бұрылды. Әскердің бір жартысын ол теңізбен отанына жіберіп, бір бөлегін өзі басқарып, Гедрозия құмдарымен алып кетеді. Кейбір гарнизондарды Үндістанда қалдырады.

А. Македонский жорығының дүниежүзілік тарихтағы маңызы бөлек. Оның басып алушылық соғыстары екі түрлі мәдениетті, эллинистік сияқты батыс - шығыстың мәдениеттерін қосты. Македонский кеткеннен кейін Үндістанда ұлттық бостандық алу қозғалысы басталды. Оны Чандрагупта деген ешкімге белгісіз адам басқарды. Біреулер оны шудра дейді, біреулер патшаның тұқымы деп санайды. 318 жылы Чандрагупта солтүстік Үндістанды өзіне бағындырып ірі мемлекет құрып, ол қазіргі Ауғанстанның, солтүстік Үндістанның және Белужстанның жерлерін біріктірді. Чандрагуптаның ісін оның Биндусара деген баласы және Ашока деген немересі жалғастырды. Ашока әкесінен қалған мемлекетті күшейтіп, жаңадан көптеген қалалар салды, жер суаратын жүйелерді нығайтты. Ол мемлекетті басқарған кезеңде мемлекеттік аппарат бір орталыққа бағынды, бюрократиялық процестер күшейіп, патшаның сарайы бәрін

басқаратын болды. Ішкі және сыртқы сауда қызды. Оңтүстік Үндістан Тамила, Бирма, Сирия және Египетпен сауда жүргізді.

Біздің дәуірімізге дейінгі 563-жылы Үндістанда Будда туды. Будда-Сидхартха Гаутама Будда атақты бай рудан шыққан. Ол 29 жасқа келгенде адамдардың өмірі, тіршілігі туралы ойланып түсінгісі келеді. Гаутама қалған өмірін аштықта, терең ойда өткізген. Өзінің шығарған философиясымен ағарту жұмысын дамытып, адамдарға түсіндіргісі келді. Оның пікірінше, әрбір адам Нирванаға (жарықтану, жарық болу) жету үшін әділетті, дұрыс өмір сүруі керек. 483 жылы Будда қайтыс болғаннан кейін осы буддизм діні Үндістанға және басқа да шығыс мемлекеттеріне тарады. Ашока буддизм дінін мемлекеттік дін ретінде қабылдады. Ашокадан кейінгі кезең, буддизмнің алтын ғасыры. Бірақ 183 жылы Пушьямирита Шунга Маурья тұқымының соңғы императорынан билікті тартып алғаннан кейін Үндістанға индуизм діні қайтып келді. Бірақ біздің дәуірдің бірінші ғасырының соңында Кушан империясы қайтадан буддизм дінін таратты. Буддизм діні бүкіл Азия мемлекеттеріне тарап, сол елдердің әдеттерімен, жергілікті діндерімен араласып, бірте-бірте күшейе берді. Қазір буддистердің саны 500 миллионнан көп.

Ашока өлгеннен кейін Үндістан мемлекеті ыдырап кетті де, оның тұқымдары тек қана Магадха мемлекетінде үстемдігін сақтап қалды.

Үндістанның мемлекеттік құрылысы монархияға жатады. Бірақ бұл монархияның өзіне тән ерекшеліктері едәуір.

**Үндістанның патшасы.** Патша кшатрий кастасынан ғана шығып отырған. Түсінік бойынша кшатрий құдайдың тұқымы, құдай оны осы жердің адамдарының бәрін сақтап қалу үшін шығарған. Патша от, жел, күн және ай, әділеттік соттың бастығы, ол ең жоғары адам. Бірақ Ману заңдары бойынша патшаның құқықтары шектеулі, ол бір жағынан брахмандардың берген ақылдарын тыңдауы керек, екінші жағынан ол кейбір талаптарға сәйкес болуға тиісті.

Ману заңдары бойынша патша сұлу, кемшілігі жоқ, брахмандардың жеке меншігін сыйлайтын және олардың ақылдарын алатын адам. Ману заңдарының 7 тараудың 111-бабында былай делінген: "Ақылсыздықпен өз елін азапқа салған патша тез арада ағайын-туысқандарымен бірге елден және өмірден айырылады". Патша өзінің патшалығын қорғау үшін батыр адам болуға тиісті. Патша сот ісін басқарады, жаза кеседі, салық жинайды, бұның бәрі бірге "стхана" деп аталады. Брахмандарды сыйлау, халықты қорғау, соғыста батырлық көрсету сияқты әдістер патшаны шаттыққа кенелтуі тиіс. Патшаның жаман мінез-құлқынан: сөз тасудан, күштеуден, озбырлықтан, өтірікшіліктен, араздықтан, меншік құқығын бұзудан, сөзбен қорлаудан және таяқпен күш көрсетуден аулақ болуы шарт.

Жоғарғы қызметкерлерді патша рулық ақсүйектерден тағайындайтын. Үндістанның шексіз деспотиясы ежелгі каста жүйесімен мықты байланысты болатын. Патша 7-8 министрді тағайындайтын, олар патшаның малайлары болып саналады.

Мемлекеттің ежелгі кезеңінде патша әскери және сот ведомстволарын құрды. Патшаның негізгі көмек беретін ұйымдарының бірі - әскер. Ол төртке бөлінеді: жаяу әскер, атты әскер, пілдер және доңғалақшылар. Ол кездегі Үндістан әскерінің негізгі күштері пілдер мен доңғалақшылар. Пілдерді Үндістанның халқы ең бірінші болып үйреткен және пайдаланған. Бейбітшілік кезеңде әскерлер ауылдардың арасында орналасқан. Соғыс кезінде әскерді баю үшін пайдаланатын еді. Веда заңдарының мәтіндерінде былай делінген: соғыс кезінде тапқан табыстың бір бөлегін патша әскерлердің арасында бөлуге тиісті (Ману заңдары, 7-бап). Әскерді патшаның өзі басқарды, сондықтан тапқан табыстың көбін өзіне қалдырды. Әскери қызметкер кшатрийге жататын, бұл қасталық әскер болатын. Кшатрийден басқа қасталар қаруды тек қана ұлы апат, ауыртпашылықтар кезінде ғана ұстауға құқылы болатын. Армия қоғамдық тәртіпті де қорғайтын еді. Үндістанның патшасы қолына сот функцияларын да жинақтады. Ману заңдарында бұл туралы былай делінген: Патша жазаны өзі кеспесе, күштілер әлсіздерді балық сияқты қуырып жейді. Тәртіп болу үшін патша сот қызметін жүргізуі керек. Ману заңдары бойынша сот қызметі брахмандарды және кшатрийлерді қорғау үшін жүзеге асатын. Патша мемлекеттік мүлікті басқарады және дхарманың қорғаушысы болып саналады.

**Жергілікті басқару.** Маурья империясының жергілікті басқаруы өте күрделі болатын. Тікелей патшаның өзіне жерлердің бір бөлегі ғана бағынатын еді. Тұтас патшалық провинцияға бөлінді, оларды патшаның туысқандары басқаратын. Провинцияның басшысы салық жинады, тәртіпті қорғады және құрылыс жұмыстарын жүргізді. Провинциялар округтерге бөлініп, оларды округтің бастығы басқарды. Ол грамика деп аталды. Қауымдағы салық жинау, тәртіп қорғау, көмек беру міндеттері соның мойнында болатын. Қауымның жер суару, діни мерекелерін өткізу, тонаушылардан қорғау мәселелерін олар халық жиналысында қосымша шешетін еді. Ал жерді сату, жер учаскелерінің шекарасын өзгертуді ақсақалдардың кеңесі шешіп отырды.

**Сот.** Үндістанның соты патша және қоғамдағы соттар болып екіге бөлінетін. Қауымның соттары каста бойынша құрылған. Олар қауымның арасындағы істердің көпшілігін өздері қарайтын. Он ауылға бір сот жұмыс істейтін. Ол үш адамнан тұратын еді. Қалалардың әкімдері қылмыскерлерге қарсы күресті күшейтті. Оларды ұстап, іздеп, түрмеге салу да олардың міндеттеріне жататын еді. Жоғарғы сотты патшаның өзі басқарды. Ол брахмандармен және тәжірибелі ақылшыларымен біріктіріп "сабха" деген сот алқасын құрды. Патшаның жыл сайын кешірім жариялауға құқығы болатын.

#### **Ежелгі Үндістандағы құқық**

**Драхмасутралар** мазмұны жағынан олардан кең, яғни, оларда үй ішілік дәстүрлер мен отбасылық тұрмыс ережелерін, адамдардың әлеуметтік өмірін ретке келтіру және тұрғындардың түрлі топтарының жағдайлары, олардың мемлекетпен қарым-қатынасы туралы, т. б. жазбалар бар. Ғалымдар бұл жинақтарды б. д. дейінгі I мыңжылдықтың екінші жартысына, дәлірек айтар болсақ, б. д. VI-VIII ғасырларына жатқызады.

**Сутралардың** негізінде біртіндеп ғылыми және саяси шығармалар, шастралар пайда болды. Сол сияқты эпикалық және этикалық құқықтық сипаттағы дхармашастралар келіп шықты. Олар дұрыс жүйеленген, өлеңмен жазылып, оқып, меңгеруге, есте сақтауға арналған трактаттар. Оларда бейнеленген брахмандық доктрина сутралардың идеялық мазмұнымен тікелей ұқсас болып келеді. Бірақ жүйелілігі жағынан сутралардан өзгеше. Шастраларда көптеген әдет-ғұрыптық концепциялар, белгілі-бір шығармалардың құрастырылған уақыты туралы айтылған пікірлер ондағы мәліметтердің дәл екендігін растай алмайды.

**"Дхарма"** терминінің мағынасы өте кең, соның ішіндегі бастысы, әр кезеңде әдебиет жанрының әр түріне байланыстылығын білдіреді. Бұл сөзді әдетте индивид (жеке адам) күнделікті өмірінде басшылыққа алуға тиіс этика нормаларының жиынтық атауы ретінде қолданды. Дхарма-шастралар өзіндік кодекстер, олар қоғамның әр түрлі әлеуметтік топ-тарының мүшелеріне арнаған брахмандардың ақыл-өнегелері мен өсиеттері. Бұнымен қоса бұл мәтіндер құқық нормаларын да көрсетеді (соның ішінде қылмыстық және азаматтық құқық салаларындағы), олар мемлекеттік басқарудың ұзақ уақыт бойғы тәжірибесінің нәтижесінде пайда болған. Дхармашастралар заң шығарудың негізі ғана, бірақ басты заңдардың кодекстері емес.

**"Құдай заңы"** мен ежелгі үнділік дхарманың екеуін бір нәрсе деп түсіну қате. Әйтсе де ортақ нәрселері көп. Осының нәтижесінде дхармашастралар өз мазмұны жағынан әр тектес болып келеді. Олар азаматтық және қыл-мыстық заң шығару ісіне байланысты өсиеттерді ғана емес, сонымен бірге әр түрлі варналардың міндеттеріне байланысты жанұялық, тұрмыстық, культтық, санитарлық-гигиеналық жазбаларды, т. б. біріктірді.

Ману Заңдары діни, этикалық және заң туралы өсиеттердің кең түрдегі жинағы. Бұл өсиеттерді үш бөлімге бөліп қарауға болады: олардың біріншісін брахмандардың түрлі діни өсиеттері құрайды, екіншісін нормалар, яғни, мемлекеттік биліктің ұйымдасуы мен оның азаматтармен қарым-қатынасын реттейтін нормалар жиыны, үшіншісін азаматтық және қылмыстық істер нормалары құрайды.

Ману Заңдары өлеңмен жазылған (шлокпен). Жинақ 12 бөлімнен тұрады. Әр бөлімі өте көп шлоктардан құралған.

Брахманизм мен буддизмнің шиеленіскен күресі тұсында пайда болғандықтан, Ману Заңдарынан сол күрес көрініс тапқан.

Буддизм б. д. дейінгі VI-V ғ.ғ. пайда болған. Ол құл иеленушілік құрылыстың ыдырауының алғашқы белгілері байқала бастаған кезең еді. Ашоктың тұсында буддизм мемлекеттік дін ретінде жарияланды. Брахманизм буддизмнің және мемлекеттің алдында жеңіліс тапты да, күрес жүргізе тұрып, жойылып кетпеулері үшін "адамдар атасы" - "Ману өсиеттері" деген осы жинақты жасаған.

Жинақтың 12 бөлімінде де әлемнің пайда болуы, сословиенің қызметтері туралы, үй қожайынының құқықтары мен міндеттері туралы, мұрагерлік құқықтары, патшаның қызметі, оның саясатының принциптері

және үкімет басқару, әр түрлі дәстүрлердің іске асуы туралы, дәруіштер мен тақуаларға деген өсиеттер және дұрыс өмір сүрудің нормалары туралы т. б. айтылған.

Ерекше назар аудартатыны - ол әр түрлі әлеуметтік топтардың жағдайлары, бұл жерде "Ману-смрити" дхармасутраның ежелгі дәстүрлеріне жол берген. Яғни, мұнда 4 варнаның өкілдерінің тәртіп нормаларына ерекше көңіл аударылады.

Енді осы азаматтардың арнайы санаттарының құқықтық жағдайына ерекше тоқтала кеткен жөн. Қоғамдық өмірдің әр кезеңінде әрбір варна (сословие) әр түрлі сатыға ие болған. Ал олардың өкілдері қоғамда сол сатыға сәйкес орын алады. Ману заңдары бойынша тұрғындар төрт түрлі ұрпаққа беріліп отыратын жабық әлеуметтік топқа немесе варнаға бөлінді. Олар: брахмандар, кшатрийлер, вайшийлер, шудралар. Алғашқы үшеуінің өкілдері екі рет туғандар деп саналды. Ежелгі Үндістан құқығына келісім және зиян келтіру міндеткерліктері тән. Келісімдер осындай жағдайлардан туады.

**Сатып алу.** Бұл келісімнің объектісіне сапасы, салмағы, көлемі бар нәрсе жатады. Сауда келісіміндегі негізгі шарт оның жариялылығы болып есептелген. Яғни, кезкелген құпия сауда келісімі құқыққа қарсы деп табылды. Сатып алушының саудасын көргендер ғана өз куәліктері арқылы оны өзге адамның мүлігін сатып алудың қылмысты жауапкершілігінен құтқаратын. Яғни, бұл мүліктің тек өз иесі ғана сатушы бола алады деген сөз. "Өз меншігі емес затты сыйлау немесе сату, -делінген Ману заңдарында, -сот өндірісінің әрекетіне қайшы". Ондай жағдайда мүлік өз иесіне қайтарылатын, ал шығынын сатып алушы көтеретін (VIII, 199-бап).

Көзге көрінбес кемістіктері бар заттарды сату да заңға қайшы саналып, келісімді бұзуға рұқсат берілді. "Төртаяқты" жануарлардың жарамсызын сатса, бір жарым айда, ал "жарамсыз" құлды сатса, бір жылда келісімді бұзуға рұқсат делінген "Артхашастрада" (К 15).

**Қарызға алу.** Ману заңдарында қарызға алу келісімдеріне аса көп көңіл бөлінген. Өйткені мұндай келісімдер жұрт арасына кең тараған болатын. Бұл келісім бойынша қарыз беруші өз мүлкін қарыз алушының толық иелігіне беретін. Ал қарыз алушының міндеті берушіге тура сол тектес, сапасы сондай мүлікті есімімен немесе есімсіз қайтару. Өсімнің ең жоғары мөлшері де белгіленген. VIII тараудың 142-бабында айтылғандай, "варналар реті бойынша айына 2, 3, 4 және 5 процент өсім ала алады". Сол сияқты өсімқорлықтың кең көлемде өріс алғанын Ману заңындағы мынадай жолдар айқын көрсетеді. "Өсімқор байлығын ұлғайту үшін айына жүзден сексен бөлігін алуға болады" (VIII тарау, 140-бап). Ежелгі Үндістан заңдары бойынша, егер қарыздар адам қарызын өтей алмайтындай болса, ол оны жұмыс істеп, қарызын қызметпен өтеуі керек. Ал бірақ заңдардың ұстанған негізгі бір принципі - төменгі кастадағы өсімқор жоғары кастадағы қарыз алушының қарызын жұмыспен өтеу туралы талап қоя алмайтын, оған бірте-бірте қайтаруға ғана ерікті (VIII тарау, 177-бап). Қарыздар адам қайтыс болып кеткен жағдайда қарызы оның мұрагеріне көшірілетін. Ману заңдары

өсімқорға күшпен талап етуге ерік берді, яғни, қарыздар адамды ұстап әкеліп, үйінде ол қарызын өтегенше аштыққа ұстауға, тіпті, ұруға құқылы болды (VIII, 49, 50-баптан). Қарызын өтемегендер уақытша құлға айналып (VII, 177-бап), егер өтеген жағдайда одан босатылатын. Бұндай қатынастардың объектісі болып ақша немесе ауыл шаруашылығы өнімдері саналатын. Қарыз қайтарылмаған жағдайда қарыздар адамды тек қарыз беруші ғана қуғынға алып, оған талап қоя алатын.

**Сақтап қоюға беру.** Оған тек қозғалмалы мүліктер ғана объекті бола алатын. Бұл жалдамалылықпен де ұштасып жататын іс. Сақтап қоюға беру келісімі қайтарымсыз болған. Егер алушы уақытында еркімен қайтармаса, судья арқылы тексерілетін. Оған әр түрлі себептермен сақтауға алтын беретін. Егер ол алтынды қайтарса, іс тоқтатылатын, ал қайтармаса, онда алтынды да, сақтауға берген мүлікті де күшпен қайтартатын. Кімде-кім сақтауға берілген затты иемденіп кетсе, жазаға ұшыраған. Сақтауға алушы мүлік иесі алдында егер мүлік ұрланып кетсе немесе суға ағып кетсе, жауап бермейтін. Жауап беретіні тек өзі иемденіп кеткен жағдайда ғана.

Зиян келтіріп, бүлдіруден міндеткерлік өзгенің мүлкіне зиян келтіруден туатын. Мысалы, қала арасындағы сапар кезінде жолаушы зардап шексе (мүлік жағынан), күйме жүргізуші, оның иесі, бәрі жауапты. Ал кісі өлімі болса, қылмыскердің кінәсі ұрымен бірдей. Сол сияқты, малшы қожайынына өз кінәсіздігін дәлелдей алмаса, жоғалған малды төлейді. Мал егінге түскен жағдайда да малшы жауап беретін.

Ежелгі Үндістан заңдары келісімдердің жарамды-жарамсыздығын қатал қадағалаған. Мас адаммен, ақылы кеміспен, құлмен, жас баламен және алжыған кәрілермен жасалған шарт жарамсыз деп табылды. Сол сияқты күштеу, қорқыту және алдаумен жүргізілген келісімдер де заңсыз деп табылды (VIII тарау, 163, 165, 168-баптар). Сонымен біз Ежелгі Үндістан мемлекетінің құқықтық қатынастарының азаматтық келісімдерін айтып өттік. Ал қалған иелік ету бүкіл варнаға ортақ. Меншікті осылайша пайдаланудың заңды түрлері Ежелгі Үндістан құқығына тон өзіндік ерекшеліктер болып табылады. Меншікті қорғаушы басты билік патша болып саналды. Егер патша жазаны енгізбесе, онда ешқандай адамда да меншік болмас еді (VII, 21-бап).

Ману заңдарында неке мен отбасы қатынастарына ерекше кең орын берілген. Оған қарсы жасалған қылмыстар қатаң жазаланатын болған. Өйткені неке мен отбасы қатынастары өзгеше қасиетті қатынастар болып саналды. Ману заңдарында некенің өр түрлі нысандары туралы айтылған. Некенің кең таралған бір түрі - ол ер адам тарапынан әйелдің нәрсеге, затқа, мүлікке теңестіріліп алынуы. Қызды әкесі немесе туыстары жігітке беріп жіберсе, оның арты үлкен құқықтық салдарға апарып соқтыратын.

Отбасылық некеде ер адамның (әкесінің, күйеуінің) билігі толық бекітілген. Әйелдің құқықтық жағдайлары некенің түріне байланысты еді, бірақ қандай жағдайда да әйелге толық құқыққа мүмкіндік берілмеген. Заңды неке жағдайында әйелінің жасауы ерінің меншігіне өтетін. Құнын төлеп, сатып алу, әйел алу, жұбайлардың өз араларындағы еркін келісімдерден

туған неке, ақыр аяғында ұрлап алып қашу, соғыс кезінде олжалап алу сияқты неке түрлері болған.

Ману заңдары бойынша, "Әйел адам әрқашан ер адамның қол астында оның қамқорлығында болуы шарт. Ол бала шағында әкесі, жастық шағында күйеуі, қартайған кезде ұлдары тарапынан қорғалуы керек", "Әйел ешқашан дербестікке жарамсыз", - делінген (V, 147, 148-баптар). IX тараудың 2-бабында әйел үшін бұдан да ауыр талап белгіленген: "Күндіз де, түнде де әйелдері күйеулеріне бағынып, олардың құмарлығын қандырып, қажеттіліктерін өтеп отырулары тиіс". Әйел құқығы туралы тағы бір бап - "Сатып жіберсе де, тастап кетсе де, бәрібір әйелі күйеуінің үстемдігінен босай алмайды, дхарма осыны көрсетеді" (IX, 4-бап). Бұл әйелдің неке бойынша құқығының жоқтығының бір ғана айғағы. Одан өзге "әйелі жек көрсе, күйеуі оны тастап кетуге құқылы" деген өсиет жолдары бар (IX, 77-бап). Әйелдің ажырасуға құқығы жоқ. Сатып, айырылысу ақысын төлер болса да, әйелі өз меншігінде қалады" (IX, 46-бап). Бала тумаған әйелмен 8 жыл тұру керек, ал ылғи қыз туа беретін болса 11 жылдан кейін, ал долы әйелмен - сол сәтінде ажырасуға құқылы (IX, 81-бап) делінген.

Бір-бірінің көзіне шөп салған болса, ұятқа қалдырар әрекет жасаса, хабар - ошарсыз жоғалып кетсе, неке бұзылады. Күйеуі бар әйелдің мүліктік жағдайы некенің түріне байланысты. Кейбір жерлерінде меншігінің тікелей өзінің күйеуінің иелігіне көшетін кездері бар. Әйелінің үстінен билік жүргізетін құқықтық жағдаймен қоса күйеуіне көптеген міндеттер де жүктелген. Яғни, күйеуі әйелін асырауға, сақтауға, қорғауға, қамқорлық жасауға міндетті болды. Бір сөзбен айтқанда тіршілік үшін қажеттінің бәрімен қамтамасыз етуге ол міндетті.

Елдегі касталық құрылыс отбасы мен ондағы қатынастарға ықпалын тигізді. Әйелдердің шаңырақтағы рөлі шыққан варнасымен анықталатын еді. Әсіресе көп әйел алған кезде бұл мәселеге мән берілетін. Көп әйелдің ішінен отбасында жоғары тұратыны - биік варнадан шыққан әйел.

Ежелгі Үндістанда әйелдердің отбасылық құқықтарына соншама шектеу қойылғанымен, қоғамда әйелдер еркектерден биік тұрды. Оларды әйел - ана деп құрметтеді. Ману заңдары айтады: "Әйелдер құрметтелген жерлерде құдайлар да ырза болады, ал қайда олар құрметтеу-сыйлау көрмесе, ол жерде өткен бүкіл дәстүрлі салтанатты ғұрыптар нәтижесіз болады" (111, 56-бап).

**Мұрагерлік құқық.** Ежелгі Үндістанның мұрагерлік құқығына өсиет бойынша қалдыру деген жат. Мүлік марқұмның тек қана ұлдарының бөлінісіне жатады. Ұлдары арасында тең бөліске түседі, бірде біреуі одан шет қалдырылмайды (IX, 104-бап). Олар, яғни мұрагерлер бөлінбеуге де болады, ондай жағдайда олар бөлектенбей, әкесінің ескі шаруашылығында үлкен ағаларының басшылығымен бірге тұрулары керек (IX, 105-бап). Мүлік бөлінісі жағдайында да үлкен ұлы жиырмадан бір бөлігіндей көлемде қосымша үлес алады. Қыздарға да белгілі көлемде, бірақ жасау ретінде ғана мұра тиесілі. Яғни, олар мүлік бөлінісінен түгелдей ажыратылған, ағалары өз

иеліктерінен міндетті түрде төрттен бір бөлігін берулері керек. Қарсы болар болса, ондай ұл отбасынан аластатылады (111, 118-бап).

Егер марқұм тұрмысқа берер кезде қызының ұл табуын тілеген болса, одан туған ұл да жанағы адамның мұрагерлігіне тартыла алады. Ондай жағдайда мұра марқұмның өз балалары мен қызының ұлы арасында тең бөліске түседі. "Баласыз адамның меншігін атасы-әкесі және аға-інілері ала алады" (111, 185-бап). Яғни, баласы жоқ жағдайда, 6 атаға дейін ағайындары мұрагерлікке тартыла алады. Туған-туысқандар арасындағы берік сыйластық, татулық Ману заңдарының 111 тарау, 104-бабында көрініс тапқан. "Ұлдары әкесі мен шешелері өлген кезде бірігіп, әке мүлкін теңдей бөлісіп алуларына болады, ал олардың тірі тұрған кезінде құқығы жоқ". Бұл үлкенге деген құрмет пен ата-анаға ізеттің үлкен көрінісі емес пе.

Әр әйелдең туған баланың бөлісудегі орны анасының варнасына байланысты болған. ұлының өз еңбегімен тапқаны мұра үлесіне жатпайды. Шашпа, зиянкес ұл (егер кезінде әкесінің оны солай атап, мұрадан тыс қалдырылуын қалаған болса) әке мүлкін бөлісуден шет қалдырылуы мүмкін. Ауылдастық қауымның нығаюынан бөліске тек жылжымалы мүлік қана түсе алатынын байқау қиын емес. Жер бөліске түспейтін.

Мұрагерлікті заң жолымен шешкен кездерде варналардың ара қатынасынан тәуелділік байқалады. Үстем тап өкілдері, яғни, осы заңдарды құрастырушылар өз мүдделерін көздейтін қанаушылық сипаттағы заңдарды да бұл жинаққа енгізіп жіберген. Мысалы, "қайтыс болған брахманның меншігін ешқашанда патша алуға тиіс емес",-деген ережеден осыны байқауға болады. "Ал өзге варнадағы адамдардың мұрагерлері жоқ болса, патшаның олардың меншігін өз қарамағына алуға еркі бар". Бұл, әрине, брахмандардың заңға тек қана өз мүдделерін енгізгендігінің дәлелі.

**Қылмыс пен жаза.** Ежелгі Үндістандағы Ману заңдарында қасақана қылмыс пен абайсызда, алғаш рет қылмыс жасау және ауыр қылмыс пен оның жеңіл түрінің айырмашылығы көрсетілген. Жинақ шыққан ежелгі кезеңде құқықтық мәдениеттің жоғары дәрежеге жеткендігі байқалады. Құл иеленуші таптың жеңілдіктері бүкіл анықтамаларымен бірге айқын тәртіпке түсірілген. Қылмыстық құқық нормаларында алғашқы құрылыстың көптеген қалдықтары сақталған. Мысалы, қылмыскер табылмаған жағдайда өз аумағында жасалған қылмыс үшін қауымның жауап беруі; қылмыскерді қуып жіберу. Ману заңдарында қылмыс істемеуге шақырған, оны діни жауапкершілікпен байланыстырған тармақтар да жоқ емес. Мысалы, VIII, 85-бапта: "Қара ниетті қылмыскер ойлайды: "Мені ешкім көрмейді"-деп, бірақ оны құдайлар және өз ары көреді" делінген. Бұның моральдық, өсиеттік түрде уағыз айтып, адамдарды қылмыс істемеуге тікелей шақыру екені сөзсіз. Қылмысты түрлерге бөліп қарастырған:

1. Мемлекетке қарсы жасалған қылмыстар;
2. Жеке адамға (оның денсаулығы мен өміріне) қарсы жасалған қылмыстар;
3. Ар-ұжданға қарсы жасалған қылмыстар;
4. Меншікке (негізінен жеке меншікке) қарсы қылмыстар;
5. Отбасына қарсы қылмыстар.



Бұлардың әрқайсысына және оларға қолданылатын жазаларға жеке-жеке тоқталмас бұрын Ману заңдарында жалпы жаза ұғымы туралы не айтылғанын қарастырайық. "Жаза бүкіл адамды билейді, жаза қорғайды, ол өзгелер ұйықтап жатқанда сергектік танытып, ояу болады" (VII, 18-бап). Ал оның маңызы туралы 15-бапта "Соның алдындағы қорқыныштан бүкіл тірі нәрселер қозғалатын және қозғалмайтындар пайдалы қызмет етіп және дхарманы орындаудан ауытқымайды" - делінген.

**Мемлекетке қарсы жасалған қылмыстар.** Мемлекетке қарсы жасалған қылмыстарға патшаға және отанына қарсы қылмыстар, ұрыс кезінде майдан даласынан қашу жолына түсу жатады. Патшаны ең қасиетті, ең жоғары тұрған ерекше жан деп ұғатындықтан, оған қарсы, яғни, денсаулығына қарсы жасаған қылмысы, өлтіруге тырысқаны үшін, тіптен патшаның жауымен жақын болғаны үшін де өлім жазасы белгіленген. Жалпы, мемлекетке қарсы қылмыстың бәріне де өлім жазасы қолданылады.

**Жеке адамға қарсы қылмыстар.** Өлімге душар ету немесе өлтіру және оның жазасы туралы жинақта аз айтылған. Адам өлтіру діни қылмыс есебінде тұжырымдалған. Бірақ өлген адамдардың дәрежесіне, яғни, варнасына, өлтірген адамдардың дәрежесіне мән берілген. Мысалы, екі рет туғандардың өзінен екі саты төмен тұрғандарды, яғни, бір рет туғандарды өлтіргені үшін әр түрлі жазалар берілуі мүмкін, бірақ "Брахманды өлтіргені үшін өлім жазасы сөзсіз" (VIII, 381-бап).

Ежелгі Үндістан құқығында айтылған: "Қажетті қорғаныс сәтінде шабуылшыны өлтіру қорғанушыны жазадан босатады", оған құдайы құрбандықтарды,- әйелдері және брахманды қорғау кезіндегі кісі өлтіру де жатады. Бұл туралы 34-бапта айтылады. Таптық сипатты, әсіресе, дене жарақатын салу қатысты жағдайда анық байқаймыз. "Бір рет туған адам екі рет туғандарды тілдесе, ең төменгі тектен шыққан болғандықтан, тілін кесіп тастауға жазаланады" (270-бап). 272-бапта "Төменгі адам жоғарғы адамды қай жерімен ұрса, сол жері кесіліп тасталсын" - делінген. Егер төбелесте екі адам бір варнадан болса, денедегі жарақаттың ауырлығына қарайтын, жара түсірсе, айып салып, сүйегін сындырса, қауымнан қуып жіберу сияқты жазалар қолданылған.

Әйелді, қызды зорлаудың жазасы ауыр болған: "Қызды еркінен тыс зорласа, дене жарақатын алумен жазаланады. Егер бір-біріне тең және өз еркімен болса, ондай жазаға ұшырамайды" (VIII, 364-бап). Абайсызда кісі өлтіріп алған адам "қарапайым" әдіспен жазалануы тиіс болған.

Меншікке қарсы қылмыстарға да жазаның ауыр түрлері қолданылатын. Өзге адамның меншігіне, мүлкіне қол сұғу қылмыстың ең ауыр түрлері саналатын. Меншікке қарсы қылмысқа ұрлық, тонау жататын.

Ұрлық өте қатал жазаланатын. VIII тараудың 302-бабында "Патша ұрыларды ауыздықтауға ерекше тырыссын, ауыздықтай алса, сөзі де өтімді болады, елі де көркейе түседі" - делінген. Ману заңдары бойынша түнде жасалған ұрлықтың жазасы ауыр, үшкір нәрсеге отырғызып қою қолданылған (IX, 276-бап). Өзге жағдайларда көбіне айып салынған (VIII, 320-бап) IX, 277-бапта былай делінген: "Бірінші рет ұрлық қылған адамның

екі саусағын кесіп, екінші рет істесе, қолын кесіп, ал үшінші рет қайталаса, өлім жазасына кесуге лайық". Сол сияқты Ману заңдарында патшаларға ұрыны қалай жазалау керектігіне жол сілтейтін жерлер бар. Мысалы: "Әділетті патша ұрланған зат бойынан табылмаған ұрыны өлім жазасына кеспесін, ал ұрлық құралдары және ұрланған затымен қолға түскен ұры дереу өлім жазасына кесілетін болсын" (IX, 270-бап).

Тонау қылмыстың ерекше түріне жататын. Оған "жәбірленушінің көз алдында ашық, күшпен мүлкін тартып алып кету" (VIII, 332-бап) деп таза заңдық түрде анықтама берілген. "Зорлық пен күш көрсету, тіл тигізу, таякпен ұру ұрлықтан да ауыр болғандықтан" (IX, 345-бап) тонау ерекше ауыр жазаланатын. Тіпті, "Тонаушыны достарымен және ағайын-туыстарымен бірге өлтіру" жазасы белгіленген (IX, 269-бап).

Ұрлыққа жаза тағайындағанда ұрлық объектісінің қасиеттері де есептелінеді. Мысалы, "Текті адамдарды, соның ішінде бағалы асыл тастарды және әйелдерді ұрлайтын болса, қылмыскер өлім жазасына лайық" (IX, 322-бап).

Ар-ұжданға қарсы жасалған қылмыстар. Бұларға біреуге жала жабу, тілдеу жатады. VII тарауда белгінің ашу тудырған сегіз белгілердің ішіндегі сөз тасу, өтірікшілік, күндеу, сөзбен қорлау, ашу-ыза және тағы басқалар ар-ұжданға қарсы қылмыс түрлері болып табылды. Бұндай қылмыстарға қолданылатын негізгі жаза айып төлеу. Қылмыстың бұл түрлерінен варналардың қоғамдағы теңсіздігінің сипаты анық көрінеді. Мысалы, оған мына бап айғақ: "Кшатрий брахманды тілдесе, 100 пан айыпқа, ал вайший 250 пан айыпқа, ал шудра тілдесе, дене жарақатына жазаланады" (VIII, 267-бап). Ал "брахман кшатрийді тілдесе, 50 пан, вайшийді тілдесе, 12 пан айып салынады" (VIII, 268-бап). Сол сияқты екі рет туғандардың артықшылығын көрсететін тағы бір бапта: "бір рет туған екі рет туғандарды тілдесе, тілін кесуге жазаланады" (VIII, 270-бап). Ал мұндағы есепке алынатыны қылмыстың ауыр-жеңілі емес, адамның қоғамда алатын орны. Бұл касталық құрылыстың жағымсыз көріністерінің бірі.

Ежелгі Үндістанда Ману заңдары бойынша отбасылық құқықтар қасиетті, қол сұғуға болмайтын құқықтар болып есептелді. Оларды жоққа шығаратын қылмыстың қай түрі де ауыр жазалануға лайық. Әсіресе, ашыналық пен өзгенің әйеліне тиісу, оны зорлау ауыр қылмыс болып саналатын. Тіптен күйеуі бар әйелмен тілдескен адамға да айып салынатын. Бірақ бұл құқық саласында да варналық каста өз ықпалын жүргізетін. Ер адам езінен жоғары тұрған варнаның өкіліне барса, дене жарақатын алады. Оны заңдағы мынадай жолдар көрсетеді: "егер кшатрий брахман әйелге тиіссе, 1000 пан айыпқа бұйырылады, вайший бүкіл дүние-мүлкінен айрылады. Брахман болса айып өтейді немесе қуылып жіберіледі".

"Егер әйел өзі шыққан тегіне мастанып, күйеуінің көзіне шөп салса, көпшілік орында ол әйелді итке талатып жазалау керек" - делінген Ману заңдарында. 325-бапта айтылғандай, "өзгенің әйелімен ашышалық, қатышаста болғандарды патша жұрт арасына үрей тудыратын жазаға кесіп, қуып жіберуі керек". 353-бапта бұның салдары туралы айтылады: "әйтпесе, бұдан шыққан

ашыналық, варналардың араласып кетуі, сол себепті тамырларды үзіп, барлығына қаза әкелетін адхармаға әкеліп соғады" (353-бап, VIII). Бірақ әйел арыша қарсы істелген қылмыста әйелдің қорғалғаны, қорғалмағаны рөл атқаратын болған.

"Барлық 4 варнаның әйелдері де қорғауда болуы керек",- дейді жинақта. Оның рөл атқаратындығы мынадай жағдайдан байқалады. Мысалы, өзінен жоғары тұрған әйелге барғаны үшін шудра өлім жазасына кесіледі. Бірақ егер ол әйел қорғалмаған жағдайда болса, шудра ол жазадан құтыла алады. Жазалардың түрмеге жабу, суға батырып, қандалаға талатып өлтіру деген басқа да түрлері бар.

Ману заңдарында талион принципі "қанды кек" туралы айтылмаған. Ол жазықты екені мемлекет органдары тарапынан көрсетілетін жаза жүйесі және ақшалай айыппен (бұның бәрі жоғарыда айтылды) алмастырылған. Өлім жазасы мемлекеттік қылмыскерлерге, жұбайының көзіне шөп салушыларға, ұрыларға және өзгенің мүлкіне қасақана зиян келтіретін қаскүнемдерге қолданылды. Суға батыру, инеге отырғызу, керуетке таңып ұру, отқа өртеу, пілге таптату, міне, осының бәрі өлім жазасының толық емес тізбегі. Сол сияқты, денеге жарақат салу жазасы да кеңінен таралған. Саусағын, қолын, аяғын, ернін кесу бұл жазаның түрлері. Айтылған жазалар көп жағдайда жоғары варнаның адамына қарсы қылмыс жасаушыларға қолданылды. Керісінше жағдайда болмашы айыппен ғана шектелетін.

*Түрмеге жабу.* Ежелгі Үндістанда қылмыскерлердің мүлкін тәркілеумен бірге жүргізілетін. Қылмыскерді жұртшылық көру үшін түрмені үлкен жолдардың бойына салатын.

*Сот пен процесс.* Сотта іс қарау кезінде қылмыстық және азаматтық құқық өзара бөлінбеген еді. Жоғарғы сот билігі патшада. Ол мәселені брахмавармен ақылдаса отырып қарайтын. Патша соты апелляциялық сотқа жатады. Ол төменгі соттардың шешіміне айтылған наразылықтарды тексерді. "Іс тексергісі келген патша сотқа дайындалған күйде брахмандар мен тәжірибелі кеңесшілерін алып келуі керек" (VIII, 1-бап). "Сотта ол тұрып немесе отырып, қолын көтеріп тұрып, қарапайым киімде немесе жасаулы әшекейде тұрып, екі жақтың ісін қарауы керек" (VIII, 2-бап). Сот талқысына түсер адхармадағы негізгі себептердің саны 18, олар - қарызды қайтармау, бәстесу, өзгенің мүлкін сату, сауда немесе өзге бірлестікке мүше болу, берген нәрсені қайтармау, еңбек ақысын төлемеу, келісімді бұзу, сауда-саттықты тоқтату, қожайынның бақташымен арасындағы жанжал-даулар, шекара туралы таластар, жала жабу және қорлау, ұрлық, зорлық және ашыналық, әйелі мен күйеуінің адхармасы, мұрагерлік, сүйек ойыны және бәс тігу.

Сотта іс жүргізуде куәгерлік жасау мен көрсетулерге келетін болсақ, іс алқалы түрде шешіліп, ақиқатқа жету жолында куәгерге және түрлі сынақтарға жүгінді. Куәгердің көрсетулеріне баға беруде олардың қасиеттеріне қойылатын өлшемдер үстемдік етті.

Анық куәгерлер жоқ болған кезде, сот түрлі ант алу мен сындарға жүгінетін, ол ордалия (сынау) деп аталатын. Брахман "адалдығымен", кшатрий - "әскер арбасы және қару - жарақтарымен", вайший - "сиырымен,

астығымен және алтынымен", шудра - "бүкіл қылмыстары атынан" ант берулері қажет еді (VIII, 113-бап). Егер кінәлаушы "от ұстамаса", "суға батып сыналмаса" ант беру жеткіліксіз саналған. Кімді жанып жатқан от өртемесе, кімді су жоғары көтеріп әкетпесе және кімге тез арада бақытсыздық келмесе, ол антта адал болды деп есептеледі. Ордалияның негізі жоғарыда айтып өткен Ману заңының ("қарақшыны құдай көреді") VIII, 85-бабына келеді.

Айғақ іздеу қиындық туғызған жағдайда соттар айыпталушының сөзіне, бет әлпетінің құбылыстары мен өзгерістеріне, қимыл әрекетіне, жүріс-тұрысына т. б. мән беріп, оның "дауыс үніне, бетінің түсіне" қарап, оның жасырын арам ойын біліп алатын болған (VIII, 25, 26).

Куәгерлерден адал болу ерекше талап етілді. "Не сөйлемей керек, не адалын ғана айту керек" - деп үндейді Ману заңдары. Куәгер шындықты айтса, тазарады, соның нәтижесінде дхарма өрістейді, міне, сол себепті бүкіл варнада куәгерлік кезінде тек шындықты ғана айтулары керек деген пікір үстем болған. Соттағы әділдік халық талабы екендігі ескеріліп, Ману заңдарына мынадай жолдар енгізілген: "Әділетсіз жаза арға нұсқан келтіреді, адамдар арасындағы жасампаздықты жояды, дүниеде аспан әлемінен айырады, сондықтан әрқашан бұдан аулақ болған жөн" (VIII, 127-бап). Міне, бұл заңдық құжат сол кездегі бүкіл соттарға жол сілтеп, адал жолдан таймауға әрқашан қызмет еткен.

## Қорытынды

Сонымен, біз жоғарыда Ежелгі Шығыс құлиеленуші мемлекеттердің құқықтық ескерткіші, тарихи нұсқа саналатын Хамурапи, Ману заңдарына талдау жасадық. Шығыстық деспотия елдерінің қатарына жататын Ежелгі Шығыс құлиеленуші мемлекеттерінің өмір сүрген кезеңіне, ол дәуірдегі құқықтық мәдениет өркениеті, не құқықтық сана және құқық көздеріне шолу жасай отырып, солардың бірі Ману заңдары деп аталған дхармадағы өсиеттерге ерекше тоқталып өттік. Ежелгі дәуірге қатысты бұл жинақ (б. д. д. II-б. д. II ф. ф.) қазіргі заманға дейін өз маңызын жойған жоқ. Үндістанда бұл заңдардың XIX ғасырға дейін қолданылып келуі осының дәлелі. Соған дейін маңызын жоймай, елдің негізгі заңдық құжаты болып келуі бұл жинақтың заңдық негізінің мықтылығын байқатады. Дін өзінің әсері мен күшін жоғалтқан немесе жоғалту үстіндегі кейбір елдерден Үндістанның бір өзгешелігі мұнда дін әлі де мығым калпында. Үндістан әлі де бұрынғыдай дін елі болып келеді. 1973 жылы жүргізілген санақ бойынша халқының 83 проценті индуизмді уағыздайтын Үндістанда дін халық өмірінде өте үлкен рөл атқарады. Сондықтан үнділік пантеонның көп құдайлылығына (политеизм) орай елде мейрамдардың да түрі өте көп. Бұл мәселе турасында Үндістанның қасиетті қалаларының бірі Варанасиде (Бенарес) жыл сайын 400-жуық түрлі мейрам өткізілетінін айтсақ та жеткілікті. Бірақ бұл мейрамдарды тойлауға екінің бірінің мүмкіндігі бола бермейді ғой. Оның бәрі адамдардың әлеуметтік, экономикалық жағдайларына, қоғамның касталық иерархиясының орнына байланысты. Мұндай қоғамдағы әлеуметтік топтардың әр түрлі құқықтық, материалдық жағдайларына ие болатыны Ману заңдарынан байқалады. Бұл заңның қоғамдық өмірде де орны бар. Сондықтан, үкімет халықтың рухани қажетіне қарсылық жасамай ежелгі заңдағы патша өкіметі сияқты бұл мейрамдарды өткізу үшін қаржы бөліп, демалыс күндерін белгілеп отырады. Оларда құдайларға сыйыну, кейбіріне жоқтау айту жалпы мейрамды көңілді өткізу басты мақсат. Ману заңдарында айтылғандай, құдайларға құрбандық шалу, діни адамдарға, шіркеу иелеріне қайыр-садақа беру сияқты дәстүрлер әлі күнге дейін сақталып келеді.